ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технологиялар қорғауды қамтамасыз ету әдістері АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖЕЛІЛЕРІН ҚОРҒАУ 4-бөлім Қашықтан қол жеткізуді қорғау

Технологии информационные Методы обеспечения защиты ЗАЩИТА СЕТИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ Часть 4 Защита удалённого доступа

ҚР СТ ИСО/МЭК 18028-4 - 2007

ISO/IEC 18028-4:2005(E) Information technology Security techniques. It network security. Part 4. Securing remote access (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технологиялар

қорғауды қамтамасыз ету әдістері
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖЕЛІЛЕРІН ҚОРҒАУ
4-бөлім
Қашықтан қол жеткізуді қорғау

ҚР СТ ИСО/МЭК 18028 – 4 - 2007
ISO/IEC 18028-4:2005(E) Information technology Security techniques. It network security. Part 4. Securing remote access (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Гранит» арнаулы конструкторлық-технологиялық бюросы» ЖШС 3-тармақта көрсетілген стандарттың өзінің түпнұсқалық аудармасы негізінде **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 691 бұйрығымен **ҚАБЫЛДАНЫП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ИСО/МЭК 18028-4:2005(Е) «Ақпараттық технология. Қорғау әдістері. АТ желілерін қорғау. 4-бөлім. Қашықтан қол жеткізуді қорғау». (ISO/IEC 18028-4:2005(E) «Information technology. Security techniques. IT network security. Part 4. Securing remote access») халықаралық стандартымен бірдей

4 Осы стандарт атауы ҚР СТ 1.5-2004 «Стандарттарды құруға, баяндауға, ресімдеу мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптарына» сәйкес берілуі үшін, көрсетілген халықаралық стандарт атауына қатысты өзгертілді

5 Осы стандартта Техникалық реттеу туралы 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II, Ұлттық қауіпсіздік туралы 1998 жылғы 26 маусымдағы № 233-I, Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Қазақстан Республикасының Заң нормалары жүзеге асырылды

6 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2012 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

7 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгертулер туралы ақпарат жыл сайын шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесінде, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – ай сайын шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралатын (өзгерту, ауыстыру) немесе жойылатын жағдайда, тиісті ақпарат ай сайын шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланатын болады

Мазмұны

Кіріспе

Ақпараттық технологияларда (АТ) ұйымдар шегіндегі сияқты, сонымен қатар, ұйымдар арасында да желілерді пайдалану қажеттігі артып келеді. Желілерді қауіпсіз пайдалану үшін, белгілі бір талаптарды орындау қажет.

Желіге арналған қашықтан қол жеткізу саласы АТ қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, арнайы шаралар қолданылуын талап етеді. Осы стандартта электронды поштаны пайдаланғанда, файлдарды бергенде немесе жай қашықтан жұмыс істеу кезінде желілерге қорғалған қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технологиялар ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖЕЛІЛЕРІН ҚОРҒАУ

4-бөлім Қашықтан қол жеткізуді қорғау

Information technology. Security techniques. IT network security. Part 4. Securing remote access.

Енгізілген күні 2009.01.01.

1 Қолданылу саласы

Осы стандартта қашықтан қол жеткізуді қауіпсіз пайдалану бойынша ұсынымдар – компьютерді басқа компьютермен немесе ортақ пайдалану желісі арқылы желімен, мысалы, Интернетпен қашықтықтан қосу әдістері, сондай-ақ осы әдістің АТ қауіпсіздігіне әсер етуі туралы мәліметтер болады. Стандарттың осы бөлімінде қашықтан қол жеткізудің әртүрлі типтері, оның ішінде қашықтан қол жеткізуге қатысты пайдаланылған хаттамалар, түпнұсқаландыру мәселелері талқыланады, сондай-ақ қашықтан қол жеткізуді қауіпсіз орнату тәсілдері туралы ілеспе ақпарат болады. Стандарттың бұл бөлімі осы қосылу түрін пайдалануды жоспарлайтын немесе ендігі пайдаланып, оны қалай қауіпсіз орнатып, онымен қалай жұмыс істеу керектігі туралы кеңесті қажет ететін желі әкімгерлері мен инженерлерге көмек үшін арналған.

2 Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

Осы стандартта мынадай терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылды:

2.1 **Қол жеткізу нүктесі;** AP (Access Point)**:** Сымсыз желіден жердегі желіге қол жеткізуді қамтамасыз ететін жүйе.

2.2 **Кеңейтілген шифрлау стандарты;** AES (Advanced Encryption Standard): Ақпаратты Өңдеу бойынша Федеральдық стандартты 197 (Federal Information Processing Standard 197; FIPS 197) тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік жасайтын, ауыспалы ұзындық кілтін пайдаланатын, симметриялық шифрлау механизмі.

2.3 **Түпнұсқаландыру** (authentication): Сәйкестендіргішпен берілген қол жеткізу субъектісінің керек-жарағын тексеру, түпнұсқаны растау. Түпнұсқаландыру қажет болғанда, пайдаланушылар белгілі нышаны (мысалы, пароль) немесе токенді иелену (мысалы, токенмен (белгімен, нышанмен), не дербес таңбасы (биометрикалық сипаттамасы) бойынша анықтап таниды. Қатаң түпнұсқаландыру дәлдік механизміне (биометрикалық сипаттамасына) немесе берілген факторлардың (көп факторлы деп аталатын түпнұсқаландыру), кем дегенде, екеуін пайдалануға негізделеді.

2.4 **Кері шақыру** (call-back)**:** Сәйкестендірудің қолданыстағы параметрлерін алғаннан кейінгі, алдын ала анықталған немесе ұсынылған орынды (немесе мекенжайын) шақыру механизмі.

Ресми басылым

2.5 **«Қосылуды сұратуды» түпнұсқаландыру хаттамасы;** CHAP (Challenge-Handshake Authentication protocol)**:** [17] анықталған қосылуларды сұрату әдісі бойынша, шақырумен алдын ала келісілген түпнұсқаландыру хаттамасы.

2.6 **Деректерді шифрлау стандарты;** DES (Data Encryption Standard): Ұзындығы 56 бит кілтті пайдаланатын, жақсы белгілі симметриялық шифрлау механизмі. Кілттің қысқа ұзындығынан ол AES стандартымен ауыстырылған, бірақ әлі күнге дейін көпше шифрлау режімінде пайдаланылады, мысалы, 3DES немесе Үш есе DES (FIPS 46-3, мұндағы Federal Information Processing Standard − ақпаратты өңдеу бойынша федеральдық стандарт).

2.7 **Қарусызданған аймақ;** ҚА (de-militarised zone - DMZ): қол жеткізу желіаралық қалқаларды пайдаланатын, арнайы саясатпен бақыланатын, бөлінген жергілікті сала немесе жергілікті желі. Бұл аймақ жалпы желі бөлігі болып табылмайды және шамалы қауіпті.

2.8 **Қызмет көрсетуде істен шығу;** DoS (Denial of Service): Мақсаты оның іс-қимылын бұзу болып табылатын, жүйеге шабуыл.

2.9 **Цифрлық абонент арнасы;** DSL (Digital Subscriber Line)**:** Жергілікті теле-коммуникациялық желілер бойынша тез қол жеткізуді қамтамасыз ететін технология [7]

2.10 **Негізгі машиналардың пішін үйлесімдерін динамикалық күйге келтіру хаттамасы;** DHCP (Dynamic Host Configuration Protocol): Іске қосуда IP-адрестеуді қамтамасыз ететін интернет-хаттама [20].

2.11 **Қапшықталмаған қауіпсіздік хаттамасы;** ESP (Encapsulation Security Protocol): IP негізделген және деректердің құпия қызметін қамтамасыз ететін хаттама. Әдетте ESP шифрлауды IP пакетіндегі деректердің ішіндегіні қорғауға арналған қауіпсіздік шарасы ретінде қамтамасыз етеді. ESP Интернет [25] стандарты болып табылады.

2.12 **Кеңейтілген түпнұсқаландыру хаттамасы** (Extensible Authentication Protocol; EAP): RADIUS қызметі қолдайтын және [23] IETF стандартталған түпнұсқаландыру хаттамасы.

2.13 **Файлдардың берілу хаттамасы;** FTP (File Transfer Protocol): Клиент пен сервер арасында файларды беруге арналған Интернет [11] стандарты (хаттама).

2.14 **IETF** (Internet Engineering Task Force)**:** Интернет техникалық стандарттарының қозғалуы мен дамуына жауапты халықаралық мамандар тобы.

2.15 **4-нұсқа хабарламаларына қол жеткізудің интернет хаттамасы** (Internet Message Access Protocol v4; IMAP4): Қашықтағы пошталық серверде орнатылған пошта жәшіктері мен пошта байланысын басқаруды және қол жеткізуді сипаттайтын электронды пошта хаттамасы ([19] анықталған).

2.16 **Жергілікті желі;** ЛВС (Local Area Network; LAN)**:** Әдеттегі (бір) ғимараттағы жергілікті желі. Шапшаң арнамен бірлескен жүйеге қосылған компьютерлер және бір-бірінен белгісіз қашықтықта орнатылған басқа құрылғылар (бөлме, ғимарат, кәсіпорын).

2.17 **Модем** (modem)**:** Цифрлық белгілерді ұқсас белгілерге (беру үшін) және ұқсас белгілерді цифрлыққа (қабылдау үшін) құрайтын аппараттық немесе бағдарламалық құрал. Мұндай типтің құралуы ұқсас байланыс желілерін пайдалану жағдайында міндетті.

2.18 **Интернетке арналған электронды поштаның көп мақсатты кеңейтілуі;** MIME (Multipurpose Internet Mail Extensions): MIME Internet электронды поштасының хабарламаларына екі еселенген деректердің (мысалы, графикалық бейнелердің) қосылу тәсілін анықтайды. Ол [18] анықталған.

2.19 **Желіге қол жеткізу сервері;** NAS (Network Access Service): Жүйе, әдеттегі қашықтағы клиенттер үшін қол жеткізуді қамтамасыз ететін компьютер.

2.20 **Бір реттік құпия белгі** (One time Password; OTP): Бір рет пайдаланылатын пароль.

2.21 **Пассивті режім;** PASV (Passive mode; PASV mode)**:** FTP бойынша қосылу режімін белгілеу режімі.

2.22 **Құпия белгіні түпнұсқаландыру хаттамасы** (Password Authentication Protocol; PAP): PPP [13] жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, түпнұсқаландыру хаттамасы.

2.23 **Дербес цифрлық ассистент;** PDA (Personal Digital Assistant): Кейбір арнайы қызметтерді орындауға арналған, әдеттегі қолмен алып жүретін компьютер ("алақан" компьютері).

2.24 **Нүкте-нүкте хаттама;** PPP (Point-to-Point Protocol)**:** Нүкте-нүкте қосылудың сыртындағы желілік деңгейдегі ақпаратты қапшықтандырудың стандартталған әдісі [13].

2.25 **Нұсқаның пошталық хаттамасы 3;** POP3 (Post Office Protocol v3): Пошталық серверде сақталған поштаны клиенттің алуына мүмкіндік беретін, [15] анықталған электронды пошта хаттамасы.

2.26 **Жеткілікті құпиялылық деңгейі;** PGP (Pretty Good Privacy): Ашық кілттер сұлбасын пайдаланатын, жалпылама қолжетімді шифрлау бағдарламасы. Хабарлама пішіндері [16] және [26] анықталған.

2.27 **Мекемелік жеке жалғауыш** (Private Branch Exchange; PBX)**:** Жалпы қолжетімділік желілеріне қосылмаған телефон стансасы (мысалы, кеңселік АТС).**;**

2.28 **Қосылатын пайдаланушыны қашықтан түпнұсқаландыру қызметі** RADIUS (Remote Authentication Dial-In User Service): Қашықтан пайдаланушыларды түпнұсқаландыру үшін пайдаланылатын Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін хаттама [21].

2.29 **Қашықтан қол жеткізу қызметі;** RAS (Remote Access Service): Қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз ететін аппараттық және бағдарламалық құралдар.

2.30 **Қашықтан қол жеткізу** (remote access): Жүйеге қауіпсіздік доменінен тыс, әр тараптан автоматтандырылған қол жеткізу.

2.31 **Түсініктемеге арналған сұраным;** RFC (Request for Comment): IETF ұсынған Интернет стандарттарының тобы.

2.32 **Қауіпсіздік қабығы;** SSH (Secure Shell): Қауіпсіз желімен пайдаланылатын, қашықтан қауіпсіз қосылуды қамтамасыз ететін хаттама. SSH жалпы болып табылмайды, бірақ тез арада IETF стандарты болады. SSH бастапқыда «SSH Communications Security» компаниясы әзірледі.

2.33 **Қауіпсіз сокеттер деңгейі;** SSL (Secure Sockets Layer): Клиенттерді түпнұсқаландыру, сервер, бүтіндік, құпиялылық қызметтерін қамтамасыз ететін, желілік деңгей мен қосымшалар деңгейі арасында болатын SSL хаттама. SSL «Netscape» компаниясы өңдеген және TLS негізін құрайды.

2.34 **Интернетке арналған электронды поштаны құпия/көпмақсаттылы кеңейту;** S/MIME (Security/Multipurpose Internet Mail Extensions): Бұл хаттама қауіпсіз көп мақсаттылы пошталық алмасуды қамтамасыз етеді. Оның бұрынғы 3 нұсқасы бес бөліктен тұрады: [32] және [33] хабарламаның сөз тіркесін анықтайды, ал [27], [28] және [29] хабарлама ерекшелігін, сертификатты өңдеуді және кілтті келістіру әдісін анықтайды.

2.35 **Жүйелі арнаға арналған желіаралық хаттама;** SLIP (Serial Line Internet Protocol)**:** Телефон желілерін (жүйелі желілерді) пайдаланып, деректерді беру үшін [12] анықталған дестелі хаттама.

2.36 **Қызметті орнату сәйкестендіргіші;** SSID (Set Service Identifier): Әдеттегі есімі үлгісіндегі, сымсыз қол жеткізу нүктелеріне арналған сәйкестендіргіш.

2.37 **Поштаны қайта жіберудің қарапайым хаттамасы;** SMTP (Simple Mail Transfer Protocol): Поштаны пошталық серверлерге (шығыс хабарлар) салып жіберуге арналған Интернет хаттама ([10] кеңейтулермен).

2.38 **Көліктік деңгей қауіпсіздігі хаттамасы;** TLS (Transport Layer Security): Жетілдірілген SSL ресми Интернет хаттамасы [22] болып табылады.

2.39 **Бірыңғайланған ресурс көрсеткіші;** URL (Uniform Resource Locator)**:** Web-қызметтерге арналған мекенжайлар сұлбасы.

2.40 **Үздіксіз қоректену көзі;** UPS (Uninterruptible Power Supply): Электрқоректің кернеуі кенет ажырағанда немесе кенет өзгергенде, өз құрамында қорғаныстық қамтамасыз ететін аккумуляторлар болатын құрылғы.

2.41 **Пайдаланушы датаграммасының хаттамасы;** UDP (User Datagram Protocol)**:** Қосылуды орнатусыз байланыс ұйымдастыруға арналған Желілік Интернет Хаттама [9].

2.42 **Виртуал жабық желі;** VPN (Virtual Private Network): Бөлінген ортақ желілерді пайдаланатын, яғни басқа желі құрылымынан тыс қолданылатын криптографиялық туннельдеу хаттамасына негізделген жеке желі.

2.43 **Қорғалған WiFi қол жеткізу;** WPA (WiFi Protected Access)**:** Сымсыз байланыстың құпиялылығы мен бүтіндігін қамтамасыз етуде, қауіпсіздікті жетілдіруге арналған сипаттізім, ол TKIP (temporal key implementation protocol) уақытша хаттамасын қамтиды. WEP үлгілеудің WPA болып табылады.

2.44 **Өткізгішке баламалы құпиялылық;** WEP (Wired Equivalent Privacy): Ағымды ұзындығы 128 бит шифр кілтімен шифрлауды болжайтын криптографиялық хаттама, ол сымсыз ЛВС арналған сипаттізім ішінде анықталған [8].

2.45 **Сымсыз дәлдік;** WiFi (Wireless Fidelity): Сымсыз ЛВС арналған жабдықтарда пайдаланылатын, «WiFi Alliance» фирмасы шығаратын сауда маркасы.

2.46 **Сымсыз ЛВС** (wireless LAN; WLAN)**:** Радиобайланысты пайдаланатын желі. 2,4 ГГц ауқымына сәйкес, 11 Мб/с және 54 Мб/с жылдамдығымен барынша кеңінен пайдаланылатын стандарттар IEEE 802.11b және 802.11g болып табылады.

3 Мақсат

Берілген стандарт қашықтан қол жеткізуді қорғауды ұйымдастыру мәселелерімен жұмыс жасайтын қауіпсіздік қызметінің жұмыскерлері мен желілік әкімгерлер үшін арналған. Онда қашықтан қол жеткізуді қасақана қатерлерден қорғау бойынша барабар шаралар қабылдауда, мүдделі тұлғаларға көмектесу мақсатында қол жеткізудің әртүрлі типтері мен әдістері туралы ақпарат ұсынылған.

Ол сондай-ақ үйден өз кеңсесіне қашықтан немесе саяхат уақытында қол жеткізуді пайдаланғысы келетін пайдаланушыларға көмек көрсете алады.

4 Жалпы шолу

Қашықтан қол жеткізу пайдаланушыға жергілікті компьютерден қашықтағы компьютерге немесе компьютерлік желіге қосылуға және олардың ресурстарын ЛВС тікелей қосылғандағыдай пайдалануға мүмкіндік береді. Бұндай қызмет көрсетулерді Қол жеткізудің Қашықтағы қызметі RAS деп атайды. RAS қашықтан пайдаланушылардың желілер ресурстарына қол жеткізетіндігін есіне салады.

Әдетте RAS мынадай жағдайларда пайдаланылады:

– Тұрақты дербес жұмыс стансаларын біріктіруге арналған (яғни, жекелеген жұмыскерлер үйден қашықтағы пайдаланушылар сияқты жұмыс істей алатындай);

– Мобильді компьютерлерді біріктіруге арналған (яғни, қаланың сыртында немесе іссапарлар кезінде жұмыс жасайтын қызметкерлер құрамын қолдау);

– қашықтағы бірнеше ЛВС біртұтас компьютерлік желіге біріктіруге арналған;

– қашықтағы компьютерлерге қол жеткізуді басқаруды қамтамасыз етуге арналған (яғни, қашықтан техникалық қызмет көрсету үшін).

RAS қашықтан пайдаланушылармен қарапайым байланысу тәсілін мынадай сценарийлер бойынша ұсынады: қашықтан пайдаланушы негізгі желімен байланыс орнатады, мысалы, модемді пайдаланып, телефон желісі арқылы. Бұндай тіке қосылу оның қаншалықты қажет болғандығына байланысты, ұзақ қолданылуы және қажетінше белсендірілетін жалға алынған желі ретінде қарастырылуы мүмкін. Егер DSL немесе басқа барабар технология пайдаланылатын болса, қосылудың тұрақты болуы да мүмкін.

Маңызды: Кәсіпорынға арналған қашықтан қол жеткізу әрқашан қашықтан қол жеткізу сервері арқылы қамтамасыз етілуге тиіс, компьютерлерге тікелей қол жеткізу көптеген қауіптерге кездесіп отыр, сондықтан болғызбау керек. Кәсіпорындар модемдері тек белгілі жерлерде ғана орнатылуы керек.

Қашықтан басқару ресурстары 1-суретте берілген.



1-сурет – Қашықтан басқару ресурстары

RAS қосылуын орнату әдетте 3 құрауышты қажет етеді:

1) RAS қамтамасыз ететін (яғни, RAS бағдарламалық қамтуы орнатылған) және RAS қосылуын қабылдауға дайын корпоративті желінің ішіндегі жергілікті желі құрауышы. Ол RAS сервері немесе қол жеткізу сервері ретінде белгілі.

2) RAS бағдарламалық қамтуы орнатылған және RAS қосылуын инициирлайтын қашықтағы компьютер. Ол RAS клиенті ретінде белгілі. Қашықтатылған клиенттердің жұмыс стансалары немесе мобильді компьютерлері болуы мүмкін.

3) RAS қосылуы орнатылатын коммуникациялық орта. Көптеген жағдайларда, RAS клиенті қосылуды орнату үшін телекоммуникациялық желіні пайдаланады. Мұнда қажет болатын минимум – бұл қосылуды орнатуға арналған телефон желісі және модем.

RAS архитектурасына байланысты, сервер тарапынан әртүрлі қосылу технологиялары пайдаланылуы мүмкін.

RAS клиент – сервер архитектурасы ретінде жүзеге асырылады: RAS клиенті RAS қосылуын корпоративтік желі ресурстарымен, RAS сервері орнатылған компьютер телефонының нөмірін теру жолымен автоматты орнататындай болып пішінделген болуы мүмкін.

Басқаша, пайдаланушы RAS қолмен қозғай алады. Кейбір операциялық жүйелер RAS жүйеге енгеннен кейін дереу қозғауға мүмкіндік жасайды. Клиент жүйесінің кез келген түрдегі компьютер болуы есіңізде болар (ноутбук, PDA (Personal Digital Assistant) немесе смарт-телефон).

Қосылуды орнатқаннан кейін, клиент жүйесі ішіне салынған кейбір қауіпсіздік модульдері болатын түрлі қосымшаларды пайдалана алады.

5 Қауіпсіздік талаптары

Қауіпсіздік көзқарасы тұрғысынан RAS клиенті мен RAS сервері ол уақытта осындай басқарудан тыс коммуникациялық орта ретінде және жауласатын ортада болуы мүмкін, қауіпсіздік саясатының басқаруымен қарастырылады. Қауіпсіздік механизмдері авторластырылмаған субъектілер (жеке тұлғалар немесе процестер) жасай алатын қатерлердің болуына қарамастан құрылады:

- RAS клиентіне қол жеткізуді алу;
- RAS серверіне қол жеткізуді алу;
- RAS серверіне қол жеткізуді тоскауылдау;
- RAS клиенті мен RAS сервері алмасатын ақпаратты қамту;
- Алмасу процесіндегі ақпаратты өзгерту.

Осындай қатерлермен есептесетін қауіпсіздік қызметтері құпиялылық қызметтері, қол жеткізуді басқаруды түпнұсқаландыру қызметтері болып табылады. Сондықтан RAS пайдаланғанда, мынадай қауіпсіздік элементтері қолданылады:

Түпнұсқаландыру: Қашықтан пайдаланушы RAS жүйесімен бірдей сәйкестендірілуге тиіс. Пайдаланушы сәйкестігі жергілікті желімен байланыс орнатылғанда, әр жолы түпнұсқаландыру механизмінің көмегімен орнатылуы керек. Жүйелік қол жеткізудің мағыналы мәтінінде жүйелік қол жеткізуді пайдаланушының сенімді бақылайтындығына (мысалы, қол жеткізу шектеуін белгілі бір уақытта немесе қашықтан қол жеткізу үшін рұқсат етілген нүктелерден ғана қолдану) көз жеткізу үшін, қосымша басқару механизмдері пайдаланылуы қажет.

Сапасы мен технологиясы бойынша ерекшеленетін пайдаланушылар мен процестерді түпнұсқаландырудың түрлі әдістері қолданылады. Барынша қолданылатын, бірақ сонымен қатар, барынша осалдау жері құпия белгілерді пайдалану болып табылады.

Қол жеткізуді басқару: Қашықтан пайдаланушыны түпнұсқаландырғанда, қашықтан қол жеткізу сервері пайдаланушының желімен өзара әрекетін шектеуге қабілетті болуға тиіс. Бұндайда авторластыру және авторластырылған әкімгерлер жергілікті желі ресурстары үшін анықтаған шектеулер және қашықтан пайдаланушылар үшін де, қашықтан пайдаланушыларға арналған кез келген ерекше шектеулерге қосымша әрекет етуі үшін қажет етіледі (мысалы, күннің белгілі бір уақытында қол жеткізу, бір пайдаланушыға арналған бір реттік қосылу).

Байланыс қауіпсіздігі: Жергілікті ресурстарға қол жеткізу қашықтан жүзеге асырылса, пайдаланушының деректері орнатылған RAS қосылулары арқылы берілуге тиіс. Жалпы жағдайда, байланысты қорғауға (*құпиялылық, бүтіндік, түпнұсқалылық*) қатысты жергілікті желіде қолданылатын қауіпсіздік талаптары сонымен қатар,

RAS қосылуы арқылы берілетін деректерге қолданылады.

Дегенмен, RAS кезіндегі байланысты қорғау көптеген техникалық байланыс құралдары мен жергілікті желі операторының бақылауында болады деп есептелетін хаттамалар пайдаланылып, жүзеге асырылуы мүмкін болғандықтан, әсіресе қиын.

Қол жеткізу мүмкіндігі: Қашықтан қол жеткізу жұмыс процесінің негізі болып табылғанда, RAS қолжетімділігі ерекше маңызды. Өндірістік процестердің үздіксіз ағыны толық қосылудың болмауынан немесе деректердің берілу жылдамдығының жетіспеуінен бұзылуы мүмкін.

Мұндай қатерлер баламалы немесе артық қосылуларды пайдалану жолымен белгілі деңгейге дейін азайтылуы мүмкін. Бұл, Интернет, ерекше әрбір қосылу үшін деректердің берілу жылдамдығын қажетті қамтамасыз ету жылдамдығын қамтамасыз ету кепілдігі болмаған жалпы жағдайда, байланыс ортасы ретінде пайдаланылатын жағдайларға жатады.

RAS жүйесінің клиент/сервер архитектурасы клиент те, сервер де байланыс ортасының типінен және пайдалану тәсілінен болатын ерекше қатерлердің алдында қарсы тұра алады деп тұспалдайды.

RAS клиенттерінің тұрақты болуы міндетті емес (яғни, үстел ДК), олар мобильді құралдар болуы мүмкін (мысалы, ноутбук). Дегенмен, клиенттің орналасқан орны әдетте ЛВС операторының бақылауында болмайды, клиент мобильді болғанда, ортаның қауіпсіз еместігін және арнайы қауіп-қатерлерге, жекелей алғанда, ұрлық немесе бүлдіру сияқты физикалық қауіп-қатерлерге ұшырауы мүмкін екендігін ескеру керек.

RAS серверлері әдетте қашықтан пайдаланушылар қосылатын ЛВС бөлігі болып табылады. Олар ЛВС операторының бақылауында болады және жергілікті қолданылатын қауіпсіздік шарттарымен қамтамасыз етілуі қажет. RAS серверінің негізгі міндеті тек авторластырылған пайдаланушылардың ЛВС қосылу дұрыстығын тексеру болып табылатындықтан, демек, RAS сервері ЛВС авторластырылмаған қол жеткізуді алуға бағытталған шабуылдар сәтсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

6 Қашықтан қол жеткізу қосылуларының түрлері

Клиент пен қашықтағы ЛВС компьютерлері арасында қосылуларды орнатудың әртүрлі тәсілдері бар:

– Қол жеткізу серверіне дейін тікелей дозвон, яғни, серверге модемнің көмегімен әдеттегі жалғастыратын байланыс телефоны желісі бойынша қосылу;

– Интернет (ISP) қызметінің провайдерінің серверіне әдеттегі жалғастыратын телефондық байланыс желісі модемнің көмегімен қосылу және бойынша Интернет арқылы қашықтағы жергілікті желіге қол жеткізу;

– Тұрақты қосылу құралдарының басқа желімен қол жеткізуі.

2-сурет қашықтан қосылулардың осы түрлерін көрсетеді: мобильдік пайдаланушы 2 ISP арқылы ЛВС қосылады, Интернет алынған деректер Интернет пен жергілікті желі арасындағы алмасуды бақылайтын желіаралық қалқа (firewall) арқылы өтеді. Мобильдік пайдаланушы 1 сымсыз ЛВС пайдаланушысы бола алады; онда RAS Қол жеткізу Нүктесі болып аталады. Қол жеткізудің осы сервері желіаралық қалқамен басқарылады.

Ескертпе – Мобильдік пайдаланушылар өткізетін кең жолағы немесе сымсыз қосылулары бар жалға алған жалғастыратын телефон желісі арқылы қосылуды пайдалана алады.

«WLAN hot spot» деп аталатын жағдай (жалпы қолжетімді сымсыз ЛВС) жергілікті модемді пайдаланудың орнына, сымсыз ЛВС қол жеткізу нүктесінен жүзеге асыратын мобильдік 2-пайдаланушының көмегімен сипатталады. Бұл Интернетке жалпы қол жеткізудің сымсыз ЛВС және ISP қол жеткізу нүктесі арқылы қамтамасыз етілетінін

білдіреді.

Клиент ISP қосылу үшін пайдаланатын әртүрлі әдістер қолданылады. Клиент сымды және сымсыз технологияларды пайдалана алады. Пайдаланылатын әдістерге байланысты, қосымша қатерлер болуы мүмкін, яғни сымсыз ЛВС құпиялылықты сақтауға арналған арнайы қауіпсіздік шаралары қолданылуын талап етеді.

Бұл әдістер назарға алынуы керек ерекше тәсілдер ұсынады. Мысалы, әдеттегі жалғастыратын телефон желісі бойынша, модемнің көмегімен серверге қосылу жиынтық нөмірін білетін авторластырылған пайдаланушылар ғана қашықтан желіге қосыла алатындығына көз жеткізу үшін арналады. Алайда, дозвонның қолжетімді нөмірлерін (жүйелі іріктеу жолымен) сканерлейтін құралдар хакерлерге келетін қоңырауларды күтетін қолданыстағы белсенді модемдерді сәйкестеуге көмектеседі. Интернет қызметінің провайдерлері қашықтан пайдаланушыға арналған артықшылықты қамтамасыз етеді. Пайдаланушы қашықтағы ЛВС қосылу үшін, жергілікті ISP арқылы қосылуды пайдалана алады. Дегенмен, қосылудың осындай әдісі барынша қымбат сервермен оны арнайы пішіндеуді қажет етуі мүмкін.



2-сурет – Қашықтан қол жеткізу түрлері

7 Қашықтан қол жеткізуде қосылуларды орнату әдістері

7.1 Жалпы ережелер

Қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін, негізгі ұстанымдарды білу қажет. Кәсіпорын қандай жүйелер мен қандай қосымшалардың жеке пайдаланушы үшін сыртқы әлемнен қол жеткізілетін анықтауға тиіс. Қашықтан қол жеткізу түрі қашықтан пайдаланылатын қызметтермен анықталуы керек.

7.2 Жалғастырғыш қызметтерге қол жеткізу

7.2.1 Байланыстың жалпы қорғанысы

Барынша жалпылама қолданылуға ұсынылатын қол жеткізу кәсіпорын ішіндегі жалғастырғыш қызметтерге қол жеткізу болып табылады, яғни пайдаланушының өз поштасына, FTP серверіне немесе Web-серверге қол жеткізуі. D қосымшасында пошталық сервердің қауіпсіз жұмысын ұйымдастыруға арналған әрекеттер тізбесі берілген, ал Е қосымшасы Web-серверді қауіпсіз орнатуға және басқаруға көмектеседі.

Сервер мен клиент арасындағы коммуникацияларды қорғаудың мыналар сияқты түпнұсқалылықты, құпиялылық пен бүтіндікті қамтамасыз ететін әртүрлі жолдары болады:

a) SSL (қауіпсіз сокеттер деңгейі) қатысатын тараптарды (клиент пен серверді түпнұсқаландыруды) түпнұсқаландыру және осы тараптар алмасатын ақпаратты шифрлау әдісін анықтайды. SSL барлық операцияларға сүйенетін пошталар сияқты, Интернет-браузер және Web-сервер қолдайды. IETF клиент/сервер байланысын қорғау үшін, SSL және Интернет [22] стандартына негізделген көліктік деңгейді қорғау (Transport Layer Security, TLS) хаттамасын әзірледі.

b) IPsec (қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған Интернет хаттамасы) берілетін ақпаратты қорғау үшін қажетті, тараптарды түпнұсқаландыру жолдарын ұсынады. IPsec сондай-ақ кілтпен басқару қызметтерін ұсынады (сондай-ақ [24] қараңыз).

c) SSH (қауіпсіздік қабықшасы) − бұл желіге қауіпсіз қашықтан кіруге және қауіпті желідегі жұмыс кезіндегі басқа құпия желілік қызмет көрсетулерге арналған хаттама. Ол қашықтан пайдаланушыны сәтті түпнұсқаландырудан соң, қауіпсіз жалғануды орнатады және бұйрықтар жиынтығы мен қызмет көрсетулерді қамтамасыз етеді (мысалы, файлдардың қауіпсіз берілуі).

Бұл әдістер қауіпсіз түпнұсқаландыруды, құпиялылық пен бүтіндеу қызметтерін қамтамасыз етеді және коммуникациялық бағдарламалық қамтуға қосымша пайдаланылуы қажет. SSL - әдетте қолжетімді Internet браузерлердің бөлігі болғандықтан, Web-поштаға қол жеткізу пайдаланушының пошталық есеп жазбасына қол жеткізу сәтіне дейін SSL байланысын орнату жолымен жеңіл қорғалуы мүмкін.

Бұл әдістер арасындағы негізгі айырмашылық SSL/TLS және IPsec әдетте желі қауіпсіздігі қызметі болып табылып, байланыстың келесі функциялары ретінде ұсынылатындығында, ал SSH қауіпсіздік қосымшасы болып табылады.

Бұл әдістер FTP-клиентті FTP-сервермен жалғау үшін, осы серверде сақталатын деректерге қол жеткізуді жүзеге асыруға мүмкіндік бере отырып қолданылатын болып табылады.

Ескертпе – Көптеген Интернет хаттамалары, мысалы терминалдық қол жеткізу мүмкіндіктерін немесе файлдардың берілуіне мүмкіндік беретін FTP қамтамасыз ететін Telnet, әдетте қарапайым мәтін сияқты құпия ақпаратты жібере отырып, түпнұсқаландырудың әлсіз механизмдерін қолдайды. Осындай хаттамаларды SSH, SSL/TLS немесе IPsec сияқты қауіпсіздік хаттамалары арқылы туннельдеу құпиялылықты ғана қамтамасыз етпей, сонымен қатар, түпнұсқаландыру процесін елеулі түрде жақсартады.

Көптеген Web-серверлер пайдаланушыны түпнұсқаландыруды қамтамасыз ету үшін, бірақ керісінше емес, пайдаланушы серверден сертификатты растауды қажет еткен кезде ғана SSL/TLS пайдаланатыны есіңізде болсын.

7.2.2 Электронды поштаны қорғау

Электронды пошта мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етпейтін қызмет болып табылғанымен, серверге қол жеткізу үшін, кейбір алдын ала әрекеттерді сырттан орындау қажет. Жалпы қолданылатын тәсілмен пошталық серверге қол жеткізуді қамтамасыз ету, пайдаланушыларға өздерінің пошталық жазбаларына қол жеткізуді алуға

мүмкіндік беретін, пошталық есеп жазбаларына арналған Web-интерфейс болып табылады. Бұл әдіс браузері бар компьютердің болуын қажет етеді, яғни, кез келген қолжетімді компьютер пайдаланылуы мүмкін. Басқа жағынан, бұл әдіс пайдаланушыларға өз пошталарын толтыра салуға және жалғануды (off-line) орнатпай жауап беруге мүмкіндік бермейді.

Басқа тәсілдер өздерін пайдаланушылардың стандарттық пошталық клиенттер сияқты пайдалануына мүмкіндік береді, бірақ олар пошталық хаттамалардың шоғырлануынан, жеткілікті құпиялылықты қамтамасыз етпейді. Жалпы жағдайда, пошталық клиент пайдалану деректерін бос жолдарға толтырып, өздігінен түпнұсқалану жолымен пошталық серверге (мысалы, барлық кіріс пошталық есеп жазбаларды басқарудың қарапайым бағдарламасын пайдаланады) қол жеткізеді. Қол жеткізудің екі пошталық хаттамасы (POP3 және IMAP4) кіретін поштаға өздерін өңдейтін мынадай тәсілмен ерекшеленеді:

– POP3 барлық жаңа қолжетімді пошталық мәліметтерді толтыра салады және пайдаланушы олармен бір жердің шеңберінде жұмыс жасай алады;

– IMAP4 пайдаланушыға хаттардың тек тақырыптарын ғана толтыра салуға, содан соң өз компьютеріне қандай мәліметті толтыра салуға болатынын шешуге мүмкіндік береді.

Бұл хаттамалар өздерінде қорғау механизмдерін жеткілікті деңгейде қамтамасыз етпейтіндіктен, қатаң түпнұсқаландыру мен берілу құпиялылығы, мысалы, SSL, SSH қолданумен қосымша қамтамасыз етілуге тиіс.

Ескертпе – Сіз сондай-ақ поштаның ішіндегісін қорғай аласыз (жіберушінің мекенжайы, алушының мекенжайы мен хабарлар тақырыбының болмауына қарамастан). Негізгі сипаттайтын екі құжат − бұл құпиялылық, бүтіндік, түпнұсқалылық және авторлықтан бас тарту мүмкіндігін болдырмау қызметтерін қамтамасыз ететін PGP және S/MIME. Олардың екеуі де көптеген пошталық клиент бағдарламаларында ықпалдасуы мүмкін. Бірақ олар жіберуші мен алушының мекенжайлары ашық мәтінмен берілетіндіктен, кестені талдаудан қорғауды ұсынбайды.

Қашықтан пайдаланушыларға қолжетімді пошталық сервер тыйым салынған (TCA) желі аймағында орналастырылуға тиіс. TCA міндеті сыртқы желіні ішкі желіден желідегі әрбір компьютерден тікелей қол жеткізуге болатын компьютерлерді оқшаулау көмегімен бөлектеу болып табылады. Пошталық серверді TCA орналастыру оның сыртқы желідегі сияқты, ішкі желіден де қолжетімді екенін білдіреді. Ішкі желі үшін қатер тудыруды болдырмас үшін, мынадай шараларды орындау қажет:

Сыртқы желідегі компьютер мен TCA арқылы сыртқы желідегі компьютер арасындағы қосуды орнату мүмкін еместігі қарастырылуға тиіс. Бұған тиісті қондырғылар мен аралық компьютерлерді немесе олардың осындай бөлуді қамтамасыз етуге арналған амалдарын пішіндеумен қол жеткізілуі мүмкін.

Қолайлы пішіндеу мынадай мәселелерді қарастыруды қажет етеді:

– пошталық сервердің оны шабуылға арналған аралық машинаны пайдалануды болдырмас үшін, тек арнайы қосымшасы мен барынша азайтылған операциялық жүйесі болуы керек;

– сыртқы желіден қол жеткізу тек қатаң түрде анықталған қосымшаларға ғана рұқсат етілуі керек (анықталған IP мекенжайымен және порт нөмірімен);

– ішкі желіден қол жеткізу, сонымен қатар, анықталған мекенжайлармен және деректемелер порттарымен (қол жеткізуге рұқсат етілген ішкі желідегі компьютерлерді), сондай-ақ тағайындау мекенжайларымен шектелген болуға тиіс. Осылайша, ақпарат ағынының бағыты да шектелуі керек. Бұған маршруттауыштарды немесе желіаралық қалқаларды пайдаланып қол жеткізуге болады.

Web-серверлер сияқты басқа да коммуникациялық серверлер, сондай-ақ TCA ішінде орналастырылып, тиісінше қорғалады. 1-кестеде пошталық сервер

ТСА орналастырылғанда, пайдаланылуы мүмкін порттар нөмірлері мен хаттамалар мысалдары берілген.

1-кесте - Электрондық пошта және порттардың тиісті нөмірлері

Нөмірі	Атауы	Сипаты
22	ssh	Қауіпсіз тіркеу қабығы
25	smtp	Стандартты STMP порты TLS/SSL бірге
465	dmtps	TLS/SSL үстіндегі SMTP
143	imap	Стандартты IMAP
993	imaps	TLS/SSL үстіндегі IMAP
110	pop3	Стандартты POP3
995	pop3s	TLS/SSL үстіндегі POP3

3-кесте Интернеттің жергілікті маршруттауыштары мен ішкі желілері үшін қажетті пішімдердің айырмашылығын көрсетеді. Бұндай жағдайда пошталық серверге сырттан қол жеткізуге поштаны жіберу үшін, қарапайым SMTP пайдаланылуы мүмкін болған уақытта, TLS/SSL үстіндегі IMAP және TLS/SSL үстіндегі POP хаттамасы бойынша ғана рұқсат етіледі. Ішкі желіден қол жеткізу TLS/SSL көмегімен қосымша қорғаусыз IMAP немесе POP пайдалана отырып рұқсат етілген. Бұйрықтар шекаралық желіаралық қалқа мен ішкі маршруттауыштарға арналған қол жеткізудің қажет етілген бұйрықтар тізбесін сипаттайтын, жалған-бұйыру тілімен жазылған. Басқа барлық порттарға осы порттарға және хаттамаларға байланысты осалдықтарды болдырмас үшін, тыйым салынған.



3-кесте – Пошталық серверге ТСА шегінде қол жеткізу

Қосымша қауіпсіздік шаралары, сондай-ақ SMTP пошталық серверінің дұрыс пайдаланылмауын болдырмас үшін қолданылуы мүмкін (мысалы, сұралмаған электронды поштаның қызметін болдырмас үшін, SMTP қосылуын шектеу).

7.2.3 FTP бойынша қосуды қорғау

FTP (Файлдардың берілу хаттамасы) − бұл сервердің ТСА ішінде орналасуы мүмкін басқа қызмет. FTP екі жұмыс режімін анықтайды:

– PORT режімі (Әдеттегі немесе Активті режім сияқты да белгілі);
– PASV режімі (Пассивті режім сияқты да белгілі).

Бұл режімдер деректер арнасын орнату шарасымен ерекшеленеді: PASV режімінде бұйрықтар арнасы мен деректердің берілу арнасын FTP серверіне жүгінетін FTP клиенті орнатады; PORT режімінде - FTP клиенті бұйрықтар арнасын ашады, ал FTP сервері клиент сұранысы расталғаннан кейін, деректердің берілу арнасын ашады (толық жағдайын С қосымшасынан қараңыз). FTP пайдалануда бұйрықтар арнасын ұйымдастыруға арналған 21 порт анықталған, ал деректер арнасының порты әдетте 1024-порттан басталып, 5000-порттан аяқталатын өрісте динамикалық түрде тағайындалады.

Түптеп келгенде, PORT режімі қашықтағы клиенттер үшін FTP қызметін қамтамасыз етуде, қапшықтарды сүзгілеуге арналған желіаралық қалқаларды барынша қауіпсіз орнатуға мүмкіндік береді. TCP 21 порты ғана клиент инициирлайтын бұйрықтар арнасын орнататын қабылдау үшін ашық болуға тиіс. Келесі ұйымдастырылған деректер арнасы берілім үшін ашылады. 4-сурет ТСА, FTP сервері болатын ТСА сүзгілеуін реттеулерді көрсетеді.



4-сурет – FTP серверіне ТСА шегінде қол жеткізу

Керісінше, PASV режімін пайдаланатын FTP серверін қолдану, қарапайым желіаралық қалқалар үшін кіретін жалғануларға арналған 1024 бастап, порттардың кең өрісінің ашылуын қажет етеді. Мұндай қондырғылар желіаралық қорғауда басты қатерлерді қалдырған болар еді.

Өкінішке орай, PORT режімі деректер арнасының бөлек орнатылғандығынан, желіаралық қорғау арқылы желілік мекенжайды таратумен қатар амалдармен пайдаланыла алмайды. PASV режімі бұл шектеуді игереді, өйткені барлық арналар клиенттік жүйемен инициирланады. Тұспалданған қатерлер порттардың кең өрісі ашылған кезде желіаралық қорғаудың барынша күрделі әдістерін жүзеге асыру жолымен

төмендетілуі мүмкін: желіаралық қалқалар уақытша талап бойынша, қабылдауға арналған кіріс порттардың кең өрісінің ашылу қажетсіз, FTP арналған PASV режімін қамтамасыз ету үшін, кіріс порттардың ашылуына мүмкіндік беріп, ағымдағы жағдайдың толық бақылануын қамтамасыз етеді. Сол нәтиженің нақ өзі желіаралық қалқада арнайы прокси-құрауышты пайдалану кезінде алынуы мүмкін.

Қашықтағы клиент ұсынатын FTP мүмкіндіктерін қарастырғанда, FTP хаттамасының өзі тек базалық қауіпсіздік шараларын ғана ұсынатынын білу маңызды. Құпиялылық ұстап тұрылмайды, ал түпнұсқаландыру қызметтері тек базалық деңгейде ғана ұсынылады. Мысал ретінде, құпия белгілер шабуылдар ұйымдастыруға мүмкіндік беретін қарапайым мәтінмен беріледі.

Сондықтан FTP қызметтері, қажет болғанда, қауіпсіз туннельдеу хаттамаларының төмен жатқан деңгейі (мысалы TLS/SSL) немесе Secure FTP немесе SCP (қауіпсіз көшірмелеу) сияқты файлдарды беруге арналған жетілдірілген қосымшалар амалдарымен іске асырылуға тиіс, екеуі де SSH хаттамасында негізделген. Екі нұсқа да қатаң түпнұсқаландыру мен қызмет көрсетулер құпиялылығын қамтамасыз етуді іске асыруға мүмкіндік береді.

7.3 ЛВС ресурстарына қол жеткізу

Бұндай қол жеткізу компьютерлер мен жүйенің белгілі бір пішімінің арнайы инсталляциясын қажет етеді. Ішкі желі ресурстарына қол жеткізуді орнатқысы келетін қашықтан пайдаланушының осы желіге қатер тудыратындығынан, қашықтан қол жеткізу мынадай жағдайларды қанағаттандыруға тиіс:

Түпнұсқаландыру: қатаң түпнұсқаландыру механизмі немесе қос әсерлі түпнұсқаландыру қашықтан пайдаланушының сәйкестігі расталғанын куәландыруға тиіс.

Жүйеге қол жеткізу құқығын ұсыну (Авторластыру): сәтті түпнұсқаландырудан кейін, қашықтан пайдаланушы оған ұсынылатын, өз жұмысын орындауға мүмкіндік беретін құқыққа ие болады. Осылайша, пайдаланушы қашықтан пайдаланушының белгілі бір рөлін орындайды.

Қол жеткізуді басқару: қашықтан пайдаланушы ресурстарға немесе деректерге қол жеткізу ұсынылғанға дейін, оған ұсынылатын құқықтарға тексеріледі.

Құпиялылық, түпнұсқалық және бүтіндік: пайдаланылатын деректерге немесе ресурстарға байланысты, ұсынылатын құпиялылық, түпнұсқалық және бүтіндік қызметтерінің көмегімен байланыс қауіпсіздігі орнатылған болуға тиіс.

Осы талаптар тиісті түпнұсқаландыру механизмдерін қоса алғанда, виртуал жеке желілерге арналған қауіпсіз туннельдеу хаттамаларын пайдалану кезінде орындалатын болады.

Қашықтан пайдаланушыларға арналған түпнұсқаландырудың тиісті механизмдері, мысалы, өзінің жеке сәйкестендіру нөмірін (Personal Identification Number, PIN) енгізетін пайдаланушының қол жеткізуге ұмтылуын өткізгенде, әр жолы бірыңғай құпия белгіні қамтамасыз ететін бір реттік құпия белгі токендері (рәміздер жиынтығы) болып табылады. Бұндай токендер пайдаланушының токенге ие болғанда және сәйкесті PIN білуі керек болғанда, қос әсерлі түпнұсқаландыруды қамтамасыз етеді.

Жүйеге қол жеткізу құқығын беру (Авторластыру) қашықтан пайдаланушылар топтары тағайындауы мүмкін ерекше рөлдерді белгілейді. Топқа олар қашықтықтан орындайтын тапсырмаларды орындау үшін ғана қажетті құқықтар бөлінуге тиіс. Қашықтан пайдаланушыларға арналған қол жеткізуді шектеудің мұндай тәсілі оңай іске асырылуы мүмкін.

Қол жеткізуді басқару пайдаланылатын операциялық жүйелер ұсынатын

механизмдерді қолдайтын саясаттың көмегімен іске асырылуы мүмкін. Мысалы, пайдаланушының есеп жазбасының саясаты талап етілетін құқықтар мен шектеулерді анықтай алады. Операциялық жүйелер, сондай-ақ қашықтан пайдаланушылар үшін арнайы әзірленген топтық саясатты ұсына алады.

Хаттамалардың барынша жалпы қолданылатын жиынтығы қосылатын пайдаланушыны (RADIUS) қашықтан түпнұсқаландыру қызметі ұсынатын хаттама болып табылады. Бұл бастапқыда қашықтан қол жеткізуді жалғау үшін ғана дайындалған хаттамалар, қол жеткізуге арналған түпнұсқаландыруды, авторластыру мен есептік жазбаны желіге орталықтандыру мүмкіндігін береді, оларды VPN және түпнұсқаландырудың қатаң механизмдері қолдайды. Хаттамалар мынадай түрде жұмыс істейді:

RADIUS қызметінің клиенті (әдетте модемдік байланыс сервері түріндегі қол жеткізу сервері, VPN сервері немесе сымсыз қол жеткізу нүктесі) пайдаланушы мандатын және RADIUS хабарламасы үлгісіндегі қосылу параметрлері туралы ақпаратты RADIUS серверіне салып жібереді. RADIUS сервері түпнұсқалықты растайды және RADIUS клиентінің сұранысына рұқсат етеді және RADIUS жауап хабарламасын кері салып жібереді. RADIUS клиенттері сондай-ақ RADIUS серверіне есептік жазбалар туралы RADIUS хабарламасын салып жібереді. Қосымша, RADIUS стандарттары RADIUS прокси-қызметінің пайдаланылуын қолдайды. RADIUS прокси-қызметі − бұл мүмкін басқа RADIUS прокси-қызметтері арқылы, RADIUS клиенттері мен RADIUS серверлері арасында RADIUS хабарламасын жіберетін компьютер. RADIUS хабарламалары қол жеткізуді іске асыруға ұмтылатын клиент пен әрі қол жеткізу сервері арасында ешқашан жіберілмейді.

RADIUS хабарламалары пайдаланушы датаграммаларының хаттамасы (UDP) ретінде жолданады; UDP 1812 порты RADIUS түпнұсқаландыру хабарламалары үшін пайдаланылады, ал UDP 1813 порты RADIUS есептік жазбаларының хабарламалары үшін пайдаланылады. Тек бір RADIUS хабарламасы ғана UDP дестесіне пайдалы ақпарат ретінде қосылуы мүмкін.

[30] ұсынымы RADIUS хабарламаларының мынадай түрлерін анықтайды:

– **Қол жеткізу сұранысы.** Желіге қол жеткізу кезіндегі түпнұсқаландыру мен авторластыруды сұрау үшін RADIUS клиенті жібереді;

– **Қол жеткізуді қабылдау.** RADIUS сервері Қол жеткізу Сұранысының хабарламасына жауап ретінде жібереді. Мұндай хабарлама RADIUS клиентін қосылуға әрекет расталғанын және рұқсат берілгенін ақпараттандырады;

– **Қол жеткізудің ауытқуы.** RADIUS сервері қол жеткізу сұранысының хабарламасына жауап ретінде жібереді. Бұл хабарлама RADIUS клиентіне қосылу әрекетінің ауытқығанын хабарлайды. RADIUS сервері бұл хабарламаны не мандат түпнұсқалық болмағанда немесе қосылу әрекетіне рұқсат берілмегенде жібереді;

– **Қол жеткізуді шақыру.** RADIUS сервері Қол жеткізу Сұранысының хабарламасына жауап ретінде жібереді. Бұл хабарлама жауап күтетін RADIUS клиентінің шақыруы болып табылады.

В қосымшасында RADIUS тарату немесе Microsoft Windows 2000 операциялық жүйесінің ішіне орналастыру бойынша ұсынымдар беріледі.

7.4 Техникалық қызмет көрсетуге арналған қол жеткізу

Қашықтан қол жеткізудің бұл түрін жүйені қашықтықтан басқару қажет болғанда, жалғанатын жүйе әкімгері ұсынады. Әдетте, пайдаланушылардың бұл тобының жүйеге қол жеткізуге жоғары құқықтары болғандықтан, қол жеткізу барынша қауіпсіз түрде

орнатылуға тиіс. Сонымен қатар, қашықтықтан жүргізілетін кез келген әрекет, жүйелік қызметтерді жүйелік басқару жүргізілген кезге қарағанда, кейінірек тексерілуге тиіс.

Сондықтан қол жеткізуді қашықтан басқару қажет белгілі бір компьютерде ғана қамтамасыз ету қажет.

Бұндай жағдайда мынадай шаралар қажет етіледі:

– Қол жеткізу белгілі бір машинадағы белгілі бір есептік жазбамен ғана қамтамасыз етілуге тиіс;

– Қашықтан пайдаланушы мен әкімгер бақылауы қажет машина арасындағы байланыс SSH сияқты құралдар пайдаланылып қорғалуға тиіс;

– Пайдаланушыны түпнұсқаландыру түпнұсқаландырудың қатаң механизмдерін пайдаланумен бірге өткізілуге тиіс;

– Жүйені қашықтан басқаруға басқаруға қол жеткізуді алатын әрбір пайдаланушы қажетті шаралар мен әдістемелерді үйренуі керек;

– Әрбір әрекет тіркелуге тиіс;

– Тіркеу қашықтан басқару орындалған соң немесе техникалық қызмет көрсету үшін бөлінген уақыттың артуы жағдайындағы алғашқы мүмкіндік кезінде дереу тексерілуге тиіс.

Кері шақыру механизмі (үстеме қорғау шараларын пайдалануды қажет етеді, сондай-ақ 8.2 қараңыз) қосымша болып табылады. Осы талаптарды қолдану қашықтан қол жеткізудің атаулы түрінде болатын қатерлерді шектейді.

8 Таңдау және пішіндеу бойынша ұсынымдар

8.1 Жалпы ережелер

Осы бөлімде белгілі қауіптерге қарсы әрекет ету үшін қажет етілетін шаралар талқыланады. Әрбір ұсынылатын шара толық түсіндірілетін болады, жақтаушылар мен қарсылардың дәлелдемелері берілетін болады. Баяндау құрылымы мынадай, RAS клиентінің салалары, RAS серверлері мен RAS коммуникациялары жеке қарастырылатын болады. бірлескен шаралар соңында талқыланатын болады.

Біз егер RAS клиентіне қаншалықты шабуыл жасалса, онда RAS сервері де автоматты түрде қауіпке ұшырайтындықтан, клиент пен сервер қатерін толығымен бөлек қарастырмаймыз. Бұдан басқа, мысалы, операциялық Windows жүйесінде әрбір RAS клиенті RAS сервері сияқты жұмыс істейтіндіктен, RAS серверіне төнген қауіптің RAS клиентіне де қауіпті екенін ескеру қажет.

8.2 RAS клиентін қорғау

8.2.1 Тұрақты RAS клиенті

Тұрақты клиент алдымен физикалық қорғалуға тиіс, яғни, осындай қол жеткізу рұқсат етілген тұлғалардың ғана қол жеткізуі болатын бөлмеде болуға тиіс. Бұны үйінде қашықтан кеңсесінде жұмыс жасайтын тұлғалар қолдануы мүмкін.

Тұрақты клиент телефондық модемді, кабельдік модемді немесе DSL қосылуды пайдаланып, RAS серверімен қосыла алады. Екінші және үшінші қосылу түрі Интернетпен тұрақты қосылуды қамтамасыз ететін, жоғары жылдамдықты қосылуларды қамтамасыз етуге арналған қосымша шараларды қажет етеді. Инсталляция мен компьютерге сырттан қосылатын қол жеткізуді шектейтін, «дербес желіаралық қалқа» деп аталатын дұрыс пішін қарапайым қорғау тәсілі болып табылады.

8.2.2 Барлық RAS клиенттері

Барлық RAS клиенттері үшін компьютерді дұрыс пайдаланбауды және қауіпсіз қашықтан қосылуды қамтамасыз етуді болдырмас үшін қолданылатын бірнеше қауіпсіздік деңгейлері бар.

Бірінші орнатылған тосқауыл компьютердің өзінің аппараттық құралдары болып табылады. Компьютерді қорғаудың қарапайым тәсілі және оны дұрыс пайдаланбауды болдырмау, жүйені жүктегенге дейін пайдаланушыны сәйкестендіруді өткізетін жүктеме кезінде құпия белгіні орнату болып табылады. Бұл тосқауыл әлеуетті шабуылшылар үшін бірінші кедергі болып табылады, бірақ ол жеткілікті қорғауды қамтамасыз етпейді.

Екінші кедергі операциялық жүйе болып табылады. Шағын компьютерлер мен жұмыс стансалары үшін пайдаланушыны сәйкестендіру мен түпнұсқаландыруды қамтамасыз ететін операциялық жүйе пайдаланылуға тиіс. Мұндай қасиет қолданыстағы жүйелердің көбінде болады. Пайдаланылатын есептік жазба пайдаланушының әдеттегі есептік жазбасы болуы керек, бірақ әкімгердің есептік жазбасы емес, себебі бұл есептік жазбалар көптеген артықшылықтар береді және сондықтан компьютерді басқару үшін ғана пайдаланылуға тиіс. Сонымен қатар, құпия белгінің[1] сәйкесті сапасы міндетті түрде қамтамасыз етілуі керек екенін ескеру керек.

Егер компьютерде барлық компания мүддесін білдіретін ақпарат сақталса, онда қосымша шаралар қарастырылуға тиіс.

Операциялық жүйе үшін типтік пішімдеуге қарағанда, көбірек қауіпсіздік қамтамасыз етілуі керек. Бұл операциялық жүйенің керек емес құрауыштарының бәрі жойылатынын, ал қажетті қосымшалардың ғана инсталданғандығын білдіреді. Сонымен бірге, нақты жүйесі үшін ғана қажетті қызметтерге рұқсат етілетін желі пішімдеулері сияқты ерекшеліктермен шектеледі.

Смарт-карталарды, токен-карталарды немесе биометрикалық[2] механизмдерді пайдалану жолымен қатаң түпнұсқаландыруға қол жеткізілуге тиіс. Көп немесе қос әсерлі түпнұсқаландыру сияқты белгілі қатаң түпнұсқаландыру пайдаланушыдан ең аз дегенде, сәйкестендірудің[3] екі кезеңін өткізуді қажет етеді.

Қатты дискілерді шифрлау сақталатын ақпаратты ашудан қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл құпиялылық қызметі қатаң алгоритмдерді міндетті түрде пайдалануға тиіс (сондай-ақ[4][4] қараңыз).

Пішімдеудің басқа маңызды мәселесі модемді пішімдеу болып табылады. Клиент модемі ол кіріс қоңырауларды қабылдамайтындай болып орнатылуға тиіс. Қосылуды пайдаланушы-клиенттің өзі ғана инициирлауы керек.

Көптеген жағдайларда қауіпсіздікті оның дұрыс пішімделуінде дербес желіаралық қалқа жақсарта алады.

Соңында, зиян таситын бағдарламалық кодпен шақырылған залалды болдырмау және шектеу үшін, вирусқа қарсы бағдарлама орнатылып, уақытылы жаңартылуы керек.

---

[1] Құпия белгімен басқару бойынша көбірек ақпаратты ИСО/МЭК 17799 табуға болады.

[2] Биометрия адамдарды физикалық немесе мінез-құлық сипаттамасы бойынша түпнұсқаландыруды білдіреді.

[3] Түпнұсқаландыру әдетте пайдаланушыдан сәйкестікті растау үшін, олар білетін (құпия белгі), неге ие болатын (токен- немесе смарт-карта) немесе не болып табылатын бірдемені (биометриялық сипаттама), не аталған іс-қимылдардың қандай да бір топтамасын ұсынуды қажет етеді.

[4] Жариялану процесінде жатыр.

8.3 RAS серверін қорғау

8.3.1 Физикалық және жергілікті орнату

RAS сервері үшін физикалық қауіпсіздік қажеттілік болып табылады. Әдетте RAS сервері кәсіпорын серверлерінің инфрақұрылымдарының бөлігі болып табылады және басқа серверлер сияқты физикалық қауіпсіздік деңгейі болуы керек. Қашықтан қызмет көрсету үшін пайдаланылатын кез келген басқа қызметтер сияқты, RAS сервері ТСА орналастырылуы керек. Авторластырылмаған физикалық қол жеткізуге қарсы қорғауға оны жабық серверлік бөлмеде орналастыру жолымен, қорек жаңылуларына қарсы – үздіксіз қорек көзін қолданумен қол жеткізіледі. Басқа қажет етілетін шаралар RAS серверін қауіпсіз орнату және пішімдеу, қауіпсіз басқару және резервтік көшірмелеу шаралары және ақпаратты қалпына келтіру болып табылады.

Дегенмен, RAS серверінің барынша тараған түрі ретінде әлі де болса, қол жеткізуді модем арқылы қамтамасыз ететін немесе ISDN телефон желісін пайдаланатын сервер қалады, әйтсе де, қол жеткізу ұйым тарапының бақылауынсыз RAS провайдерінің жергілікті қызметі арқылы іске асырылатын кезде осындай шешімдер болады. Одан арғы қол жеткізу содан кейін Интернет арқылы ұсынылады және басқарылады және желіаралық қалқалар жүйесін ұйымдастырумен шектеледі.

Осындай әдістің артықшылығы төменгі баға (қол жеткізу әдетте жергілікті қоңырау болып табылады), ал кемшілігі – клиенттің екі рет сәйкестендірілуі болып табылады: алдымен Интернет провайдерінің қызметінде, ал содан соң тағы да қашықтан орналастыру орнында.

8.3.2 RAS сервері және модем

Модем арқылы қол жеткізуді ұсынатын RAS сервері үшін, модемнің жұмысы инфрақұрылымға қосымша қатерлер әкелмейтініне кепілдік беретін кейбір шаралар қарастырылуға тиіс.

Компьютер RAS ұсынатын тапсырманы ғана орындайтындай болып үйлестірілуге, ал басқа қызметтер ескерілмеуге тиіс. Операциялық жүйе күшейтілуге және онда пайда болған барлық түзетулер мен жаңартулар жасалуға тиіс. Тек әкімшілік және қызмет көрсететін қызметкерлер құрамына ғана серверге физикалық түрде қол жеткізуге рұқсат етілген. Серверде әдеттегі пайдаланушылардың есептік жазбалары болмауы керек.

Егер RAS сервері сондай-ақ басқа қызметтерді де ұсынатын болса, онда қызметтердің топтамасының жаңа қатерлер әкелмейтіні тексеріліп, расталуы қажет. RAS серверінің пішін үйлесімін қолдауды бағдарламалық қамтуды әзірлеуші ұсынуға тиіс.

Назарға алынуға тиіс басқа да маңызды мәселелер мыналар болып табылады: деректерді резервтік көшірмелеу; жиналуға тиіс тіркелетін ақпарат; файлдарды басқару стансасына тіркеуге беру (күнделікті талдау үшін) және қиын жағдайлардағы іс-қимылдар жоспарын дайындау.

Қашықтан қол жеткізу қызметтерін белсенді ұсынуды бастағанға дейін, серверді белгілі осалдықтарға тексеру керек. Тестілер жергілікті пішін үйлесімі мен желіні қорғау тексерісін қамтуға тиіс.

Модем кіріс қоңырауларға ғана мүмкіндік беріп, бір бағыттағы пассивті жұмыс үшін үйлестірілуге тиіс. Егер мүмкін болса, пішін үйлестірілімі модемде түпнұсқаландыруды өткізуге, содан соң жадыда алдын ала сақталған нөмірге кері қоңырауды (кері шақыру сияқты да белгілі) инициирлауға мүмкіндік беруі қажет. Мұндай кері шақыру тек тұрақты клиенттермен немесе мобильді телефондар арқылы қосылған шағын компьютерлермен ғана жұмыс жасайды. Бұндайда тек белгілі мекенжайлармен ғана қосылу расталады (телефон нөмірлерімен) және мұндай тәсіл қоңырау шалған

субъектіге қоңырау құнын азайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы телефон жабдығы (мысалы, PBX) бастапқыда тағайындалған нөмірден басқа нөмірге қайта бағыттау кезінде, кіріс (қоңырауларды) қайта адрестеу мүмкіндігін ұсынады. Сондықтан, кері шақыру механизмдерін қосымша сақтықтармен пайдалану қажет.

Клиенттердің вирусқа қарсы бағдарламасы белгіленіп және уақытылы жаңартылуы керек.

8.3.3 Желіге қол жеткізу сервері

Егер қашықтан қол жеткізу Интернет (ISP) провайдерінің жергілікті қызметі арқылы белгіленсе, онда желіге қол жеткізу, ISP қол жеткізу ұйым тарапынан болатын тікелей бақылаудан тыс болатын болса және түпнұсқаландыру нәтижесі оған белгісіз болса, желіге қол жеткізу серверімен (NAS) бақылануға тиіс.

NAS кез келген желілік құрылғы сияқты қорғалуға тиіс, яғни ол оған физикалық қол жеткізуді авторластырылған әкімгерлер ғана алуы үшін, жабық үй-жайда сақталуы қажет. Құрылғыны басқару жергілікті қауіпсіздік саясатына сәйкес болуға тиіс: егер желіні басқару жүйесі оның барлық әрекетін бақылайтын болса, онда басқару жүйесі мен NAS арасындағы кесте не жергілікті желі ішінде іске асырылуға, не ақпарат түрін жасыру үшін туннелденуге тиіс.

8.3.4 Сымсыз қол жеткізу нүктесі

Сымсыз ЛВС арналған қол жеткізу нүктелері қашықтан қол жеткізудің типтік тәсілі болып табылмағанымен, олар желіге қол жеткізуді ұсыну үшін пайдаланылуы мүмкін. Сондықтан, басқа сымсыз технологияларына арналған қол жеткізу нүктелері ТСА орналастырылып, қорғалуға тиіс. Сымсыз қол жеткізу қауіпсіздігі туралы қосымша ақпаратты 8.5 қараңыз.

8.4 Қосылуды қорғау

8.4.1 Жалпы ескертулер

RAS клиенті мен RAS сервері арасындағы қосылу сатысының бірнеше сандарынан өтеді. Бастапқыда қосылу белгіленеді, содан кейін ол жұмыс істейді, ал пайдаланғаннан соң ол тоқтатылады. Байланыстың барлық осы сатылары қорғауды қажет етеді.

Келесі бөлім RAS клиенті мен RAS сервері арасындағы қосылуды қорғаудың түрлі сатыларын қарастырады.

8.4.2 Қосылыстарды орнату

Қауіпсіз қосылуды орнату қашықтан пайдаланушыны түпнұсқаландыруды қажет етеді. Бұл қашықтан қол жеткізу үшін пайдаланылатын арнайы хаттаманы[1] орнатқанда жүргізіледі.

Пайдаланушыны түпнұсқаландырудың сондай-ақ қауіпсіздік деңгейі бойынша ерекшеленетін әртүрлі тәсілдері қолданылады. Алғашқы екі хаттама клиент (абонент деп аталатын) пен сервер (түпнұсқаландырушы) арасында пайдаланылады, үшінші хаттама түпнұсқаландырудың қосымша сұлбаларын қамтуға мүмкіндік беретін түпнұсқаландыру серверін пайдаланады.

[1] Модемді қол жеткізу үшін бұрын тек қарапайым түпнұсқаландыруды іске асыруға ғана мүмкіндік беретін SLIP хаттамасы пайдаланылған, қазір пайдаланылатын нүкте-нүкте (PPP) хаттама барынша сенімді болып табылады және озық түпнұсқаландыруды қамтамасыз етеді.

Түпнұсқаландырудың барынша ортақ сұлбасы түпнұсқаландырушы сервер абоненттердің мандатын алатын және осы мандаттарға сүйеніп, оларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін немесе бас тартатын байланыс орнататын екі жақты хаттама болып табылатын құпия белгілік түпнұсқаландыру хаттамасын (PAP) пайдалану болып табылады. Мандаттар ашық мәтінмен жіберіледі және әдетте, пайдаланушының сәйкестендіргішінен (ID) және құпия белгіден тұрады. Сондықтан бұл хаттама бір түрлі шабуылдарды қайталаудан қорғауды қамтамасыз етпейді.

Барынша жетілдірілген түпнұсқаландыру сұлбасы түпнұсқаландырудың «қосылу сұранымы» (CHAP) хаттамасымен ұсынылады. Ол түпнұсқаландырушы клиентке «сұраныс» жіберетін үш белгіден тұратын байланысты орнату хаттамасы болып табылады. Бұл бірегей сұраныс және жаңа жіберуде әр жолы өзгереді. Клиент өз сәйкестендіргіштерімен ID («құпия» деп аталатын) және «сұраным» параметрлерімен есептелген құпия мәнде жауап береді. Түпнұсқаландырушы нәтижені өз есептеулерімен салыстырады және мүмкіндік береді немесе қол жеткізуді қабылдамайды. Берілетін мандат хэш-алгоритм пайдаланылып шифрланады (MD5 алгоритмі барынша жиі пайдаланылатын болып табылады). CHAP сұраным қаншалықты болжанғандығына қарай, қайталанатын бір түрлі шабуылдарға қарсы қорғайды.

Барынша ортақ тәсіл 7.3 сипатталғандай, RADIUS жүзеге асырылады.

RADIUS сервері әдетте ID орталыққа бағындырып сақтайды, яғни ол қашықтан пайдаланушылардың жалпы қолжетімді құпияларын сақтайды. Егер пайдаланушы желіге қол жеткізуді алғысы келсе, ID, құпия белгі, сәйкестендірілген жүйе деректері мен қол жеткізу үшін пайдаланылатын жүйе порты болатын RADIUS серверіне «қол жеткізу сұранысын» жібереді. Құпия белгі болғанда, ол криптографиялық құралдарды пайдаланып жасырынады. RADIUS сервері сұранысқа өзі жауап бере алады немесе сұранысты басқа RADIUS серверіне жібере алады. Егер сервер сұранысқа жауап берсе, онда ол алдымен берілген деректердің дәл екендігін растауға тиіс. Дәл сәйкестендіру, кем дегенде, ID және құпия белгіден құралуға тиіс, бірақ сондай-ақ жүйелік мекенжайды және тағайындалған портты қамти алады. Егер сұраныс басқа RADIUS серверіне жіберілетін болса, онда бастапқыда жолданған сервер өзін клиент ретінде ұстайды. Осындай әдіспен қосымша түпнұсқаландыру өткізілуі мүмкін. UNIX, WINDOWS немесе NOVELL түпнұсқаландырулар үлгілер бола алады. RADIUS сервері сондай-ақ PAP немесе CHAP түпнұсқаландыру сұлбасын пайдалана алады.

Қатаң түпнұсқаландыру цифрлық сертификаттар немесе токендер пайдаланылып өткізілуі мүмкін. Түпнұсқаландырудың бұл әдісі пайдаланушының біліміне ғана емес, сонымен бірге токенге немесе сертификатқа ие болуына негізделеді, сондықтан ол қос әсерлі түпнұсқаландыру деп аталады. Сондай-ақ биометрикалық сәйкестендіру де пайдаланылуы мүмкін.

Ескертпе - Ескірген TACACS желілік қызметі және оның XTACACS және TACACS+ түрлендірулері бұрынғысынша пайдаланылады, бірақ RADIUS сияқты маңызды рөл ойнамайды.

8.4.3 Шифрланған байланыстар

Ақпаратты ұстап алу қаупі криптографияны пайдаланғанда жойылуы мүмкін. Байланыс арнасында шифрлау ұқсас шифрлау жабдығы болатын аппараттық құралдармен ғана байланысу мүмкіндігін шектейді. Мазмұнын шифрлау көп солқылдақтыққа жол береді және шифрлаудың меншікті қызметін ұсынбайтын серверлерге қосылуға мүмкіндік береді. Мұндайда шифрлаудың тиісті ақырғы нүктелерінің арасындағы байланыстың құпиялылығы қамтамасыз етіледі.

Мазмұнын шифрлау үлгісі PGP бағдарламалық қамтуын, ашық кілтті пайдалануға негізделген шифрлауды ұсынатын бағдарламалар дестесін бұндайда авторлықтан және

түпнұсқаландырудан бас тарту мүмкін еместігі сияқты қызметтерді көрсете отырып пайдалану болып табылады.

Маңызды: Шифрлау бағдарламасын пайдаланғанда, пайдаланатын кілттің жеткілікті екендігіне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, оларды пайдаланбас бұрын, электронды пошта арқылы алынған ашық кілттің сертификаттарының түпнұсқалығын және дұрыстығын анықтауға арналған шараларды анықтаңыз.

Қашықтан қол жеткізудегі байланыс мазмұнын қорғаудың қосымша тәсілдері виртуал жабық желілерді (VPN) пайдаланып қамтамасыз етіледі. Осындай қорғаныс түрін ұсынатын қол жетімді өнімдердің бірнеше түрі болады. Оларды қолданып, VPN ұйымы үшін стандартталған хаттамалар ғана пайдаланатындығына көз жеткізіңіз.

8.5 Сымсыз қосылыстарды қорғау

Сымсыз байланыс хаттамалары қашықтан қол жеткізудің түрлі нұсқаларында пайдаланылуы мүмкін:

– Bluetooth сияқты хаттамалар мобильді телефондардың жақын байланысы үшін, модемдер немесе қашықтан қол жеткізудің клиенттік жүйесіне кең жолақты қол жеткізудің өзге құрауыштары үшін пайдаланылады;

– IEEE 802.11 стандарттарының легінде анықталған хаттамалар сияқты сымсыз ЛВС хаттамалары қашықтан қол жеткізудің клиенттік жүйелерін жалпы қолданылатын және жеке желілерге қосу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Осы тәріздес жағдайлардың көбінде қашықтан қол жеткізу мүмкіндіктерін ұсынатын ұйымның сымсыз байланыстың пайдаланылатын хаттамаларының пішімдерін үйлестіруге немесе реттеуге өте шектеулі ықпалы болады немесе болмайды:

Үлгі ретінде, мобильді пайдаланушы әуежайларда болатын, жалпы қолданылатын сымсыз ЛВС («hot spot» деп аталатын) қол жеткізу құралдарын пайдалана отырып, қашықтан қол жеткізудің клиенттік жүйесімен қосыла алады. Бұндай сымсыз қол жеткізудің инфрақұрылымы, әдетте, ISP тиесілі және пайдаланушылар немесе олардың ұйымдары оның пішім үйлесіміне ықпал ете алмайды.

Сымсыз хаттамалар кейбір қауіпсіздік қызметтерін ұсынғанымен, оларға қашықтан қол жеткізу саласында тұтастай сенуге болмайды. Осы себепті, егер сымсыз хаттамалар қашықтан қол жеткізу мүмкіндіктерімен бірге барлық талап етілген түпнұсқаландыру немесе құпиялылық сияқты қауіпсіздік қызметтерін байланыстыруды іске асыруға мүмкіндік берсе, 8.3 суреттелгендей барынша жоғарғы деңгейдегі хаттамалар мүмкіндігін пайдаланумен қоса жүзеге асырылуға тиіс. Қатаң түпнұсқаландыру мен құпиялылықты қамтамасыз ету үшін, IPsec немесе SSL/TLS сияқты туннельдеу хаттамаларын пайдалану ортақ тәсіл болып табылады.

Ұйым қашықтан қол жеткізу үшін сымсыз инфрақұрылымды үйлестіруі мүмкін болатын жағдайларда қол жеткізу нүктесін қауіпсіздендіру үшін, қосымша техникалық шаралар қажет етіледі. IEEE 802.11 хаттамаларының ішіне салынған AP қол жеткізуді қауіпсіздендіру үшін пайдаланылатын қазіргі заманғы үш әдіс қолданылады:

– (SSID) қызметін орнатуға сәйкестендіру;

– Жалпы қол жеткізуді басқару мекенжайларын сүзу (MAC);

– Сымсыз (WEP) немесе қорғалған қол жеткізумен WiFi (WPA) тең бағаланатын құпиялылық.

Бірақ, тіпті, барлық үш әдісті бірге пайдаланғанда да, ұйымның тиісті қауіпсіздігін әрқашан қамтамасыз ете алмайды.

SSID қол жеткізудің (AP) бір немесе бірнеше нүктелері қызмет көрсететін көптеген бірнеше шағын бағыныңқы желілердің сегменттеу механизмін білдіреді. Қол жеткізудің

әрбір нүктесі өндірушіге осы АР және мүмкін, сәйкесті АР қатысты басқа ақпаратты көрсететін SSID сәйкестендіргішінің үндемеуі бойынша белгіленген өндірушілерден келіп түседі. Осындай SSID АР-мен жұмыс жасайтын ұйым туралы және жабдықтың өзі туралы ақпарат болатын басқа SSID өзгертілуге тиіс. АР үшін ең төменгі талап радио арнасы бойынша өз SSID кең таратылатын хабарына тыйым салу болып табылады. Басқа жағынан алғанда, кез келген тыңдайтын құрылғы SSID жаза алады және дұрыс SSID шақыра отырып, АР-мен қосылуға ұмтылады. Сол себепті, кең таратылып берілмейтін SSID жазу тәсілдері бәрібір қалғанымен, кең таратылған хабар режімінде АР пішімін үйлестіруге қатаң тыйым салу ұсынылады.

SSID АР-ды сәйкестендіретін уақытта, MAC-мекенжай компьютердің желілік интерфейсін сәйкестендіреді. Желілік интерфейстің әрбір тақшасының бірегей MAC-мекенжайы болады. Сымсыз ЛВС қауіпсіздігін арттыру үшін, АР, егер бұл мүмкін болса[1], клиент компьютерлерінің дұрыстығын, олардың MAC-мекенжайларының дәл келуін талдау көмегімен сәйкестендіруге тиіс. Дегенмен, MAC-мекенжайлардың дәл келуі мүмкін, бірақ бұл сымсыз ЛВС қол жеткізуге кейбір қорғауларды қосады.

WEP құпиялылыққа, бүтіндік пен түпнұсқалыққа әсер ететін тиянақты осалдығы болуымен белгілі. Алайда ол 40 немесе 104 бит ұзындықтағы құпия кілтті пайдаланып, байланысуда шифрлауды ұсынады. Бұл кілт инициализациялаудың 24–биттік векторына қосылады, нәтижесінде кілттің ұзындығы 64 немесе 128-биттік болады. WEP хаттамасының белгілі осалдығынан, кілттер қауіпсіздікті ұлғайту үшін жиі өзгертілуге тиіс. WPA (жетілдірілген WEP) егер уақытша құпия кілттерді дұрыс ұсынуда үйлестірілген болса, осы кемшіліктерді жеңіп шығады.

Осыған қосымша «клиентті резервте ұстау» (яғни, компьютерлік MAC-мекенжайлар белгілі бір IP-мекенжайлармен байланысқан) мүмкіндігімен қоса АР ұсынатын хостарды реттеудің динамикалық пішім үйлесімдерінің хаттамасын (DHCP) пайдалану ұсынылады немесе статикалық мекенжайларды пайдалану ұсынылады.

Маршрутталмайтын IP-мекенжайларды пайдалану жағдайында, бағыныңқы желінің ішкі IP-мекенжайларын (әдетте 192.168.0.0 пайдаланады) басқа бағыныңқы желі мекенжайларына өзгертіңіз. Сондай-ақ, WAP және сымсыз маршруттауышты басқаруға арналған сымсыз қол жеткізуді оларды шабуылдаушылардың түрленуін болдырмас үшін, тыйым салыңыз.

Одан кейін, өзіңіздің сымсыз ЛВС жағдайын уақытылы бағалаңыз.

Сымсыз ЛВС қауіпсіздігі бойынша ұсынымдардың толық тізбесі F қосымшасында берілген.

8.6 Ұйымдастыру шаралары

Ұйымдастыру шаралары пайдаланушылардың, әкімгерлер мен қауіпсіздік қызметінің қызметкерлер құрамының рөлін анықтайтын, қашықтан қол жеткізу саясатын қамтуға тиіс. Сондай-ақ, осы процестерге тартылған адамдардың жауапкершілігі анықталуы керек. Қашықтан қол жеткізу саясатының үлгісі А қосымшасында беріледі.

Кейбір мобильді құрылғылар үшін (мысалы, PDA, смарт-телефон) жеткілікті техникалық қорғауды іске асыру орындалмауы мүмкін, сол себепті қатерлерге қарсы тұру бойынша қосымша ұйымдастыру шараларына қажеттілік туындауы мүмкін.

Ұйымдастыру шараларының басқа аспектілері құпиялылықты қамтамасыз ету жоспары, резервтік көшірмелеу, ақпаратты қалпына келтіру, қызметкерлер құрамын

[1] MAC-мекенжайға негізделген қол жеткізуді шектеу, үлкен сымсыз желіде немесе кейбір жұмыс жағдайында мақсатқа сәйкес болмауы мүмкін.

оқыту, пайдаланушыларды жаттықтыру және пайдаланушылардың мәселенің маңыздылығын түйсінуі болып табылады.

Осы мәселелер бойынша көбірек ақпаратты [1], [2] және [3] табуға болады.

8.7 Заңдық аспектілер

Қашықтан қол жеткізу технологияларын іске асыру қолданылатын барлық ұлттық заңдылықтарды және (немесе) нормативтік шектеулерді не талаптарды ескеріп қабылдануға тиіс.

Жобалаушылар болжанбаған салдарлар жағдайындағы техникаға сенімді болу үшін, міндетті келісім-шарттық және қол жеткізудің басқа заңдық аспектілерінің ескерілгеніне көз жеткізуі керек.

9 Қорытынды

Қашықтан қол жеткізу қызметтерін ұсыну тиісті қауіпсіздік саясатын қабылдаудан басталатын, жақсы жоспарланған тәсілді, қажетті техникалық құралдарды, сондай-ақ ұйымдастыру және заңдық шараларды пайдалануды қажет етеді.

А қосымшасы
(анықтамалық)

Алыс жердегі қол жеткізуді қорғау саясатын ұйымдастыру үлгісі

А.1 Мақсаты

Аталған саясаттың мақсаты «Компанияны» кез келген хостағы желімен қосу үшін стандарттарды анықтау. Бұл стандарттар «Компанияның» ресурстарын авторластырылмаған пайдаланудан болуы мүмкін «Компанияның» әлеуетті залалын барынша азайту үшін әзірленген. Залал компанияның құпия мәліметтерінің, интеллектілік меншіктің кемуін, компанияның қоғамдық бейнесіне, «Компанияның» ішкі жүйелеріне және т.с.с. төнетін қатерді қамтиды.

А.2 Қолданылу саласы

Бұл саясат барлық қызметкерлерге, бәсекелестерге, жабдықтаушыларға, «Компания» агенттері мен иелеріне, дербес компьютерлер иелеріне және «Компания» желісіне қосылатын жұмыс стансаларына қолданылады. Бұл саясат электронды поштаның жіберуді немесе оқуды және интернеттік Web-ресурстарды қарауды қоса алғандағы, «Компания» атынан орындалатын жұмыстар үшін пайдаланылатын қашықтан қол жеткізуге қосылуға қолданылады.

Осы саясат модемдерді, Frame Relay, ISDN, DSL, VPN, SSH, кабельдік модемдерді және т.с.с. пайдаланып, қашықтан қол жеткізуді орындауға таралады.

А.3 Саясат

А.3.1 Жалпы ережелер

1) «Компанияның» бірлескен желісіне қашықтан қол жеткізудің артықшылық құқығына ие «Компанияның» қызметкерлеріне, серіктестеріне, агенттеріне қашықтан қосылуда олардың да «Компанияның» желісіне қосылған жергілікті пайдаланушылар сияқты дәл сондай түсініктен шығатындығы үшін жауапкершілік жүктеледі;

2) Интернетке үйде пайдаланушылардың дербес компьютерлерден «Компания» желісі арқылы жалпы қол жеткізуіне, тек «Компанияның» тіклей жұмыскерлері болып табылатын қызметшілеріне ғана рұқсат етіледі. «Компания» қызметшісі отбасы мүшелерінің ешқайсысының «Компания» саясатын бұзбайтындығына, заңсыз әрекетті орындамайтындығына және қол жеткізуді бөтен іскерлік мүдделер үшін пайдаланбайтындығына жауапты. «Компания» қызметшісі егер қол жеткізу дұрыс пайдаланылмайтын болса, толық жауап береді;

3) Ақпаратты қорғаудың мынадай ережелерін RAS әдістерінің көмегімен бірлескен желіде және «Компания» желісінде пайдаланатын қол жеткізуде мұқият қараңыз:

a) Шифрлау саясатын қабылдау;

b) Виртуаль жабық желі (VPN);

c) Сымсыз байланыс ережесі;

d) Қабылданған пайдалану ережесі.

4) Тапсырыс тәртібін немесе қызмет көрсетуді ажыратуды, салыстырмалы бағаларын, ықтимал проблемалар шешімін және т.с.с. қоса алғандағы, «Компанияның» RAS қосылу аспектілеріне қатысты қосымша ақпаратты RAS Web-сайтынан табуға болады.

А.3.2 Талаптар

1) Қашықтан қауіпсіз қол жеткізу қатаң бақылануға тиіс. Бақылау бір реттік құпия белгімен немесе қатаң құпия белгілік фразадағы ашық/жабық кілттермен түпнұсқаландыру арқылы орындалатын болады. Қатаң құпия белгі фразасын жасау туралы ақпаратты Құпия белгі саясаты бөлімінен қараңыз;

2) «Компания» қызметшісі ешқашан ешкімге, тіпті өз отбасы мүшелеріне өзінің логинін немесе электронды поштасының құпия белгісін бермеуге тиіс;

3) Қашықтан қол жеткізудің артықшылық құқықтары бар «Компания» қызметшілері және оның серіктестері оларға тиесілі «Компанияның» дербес компьютерлері мен «Компанияның» бірлескен желісімен қашықтан байланысатын жұмыс стансаларының, пайдаланушының толық бақылауында болатын дербес желіні есептемегенде, бір және сол уақытта қандай да бір басқа желімен байланыспайтындығына сенімді болулары керек;

4) «Компанияның» бірлескен желісіне қашықтан қол жеткізудің артықшылық құқықтары бар «Компания» қызметшілері мен оның серіктестері ресми бизнесті жеке бизнеспен ешқашан араластырмау сенімділігіне ие болу үшін, «Компанияға» тиесілі емес электронды поштаның есептік жазбаларын (мысалы, Hotmail, Yahoo, AOL), не «Компания» шаруаларын орындау үшін өзге сыртқы ресурстарды пайдаланбауға тиіс;

5) «Компания» желісіне қол жеткізу үшін үйлестірілген ISDN желілеріне арналған бағыттар CHAP ұсынатын түпнұсқаландыру бойынша талаптардың ең төменгі деңгейіне сәйкес болуға тиіс;

6) Пайдаланушының үйдегі жабдығының пішім үйлесімін бөлек туннелдеу мақсаты үшін немесе оны екі есе қосу үшін өзгертуге тыйым салынған;

7) Frame Relay түпнұсқаландыру бойынша DLCI стандарттарында ұйғарылған талаптардың ең төменгі деңгейіне сәйкес болуға тиіс;

8) Аппараттық құралдардың стандарт емес пішім үйлесімдерін RAS қызметі құптауы керек, ал ақпараттық қауіпсіздік қызметі жабдыққа қол жеткізуге арналған үйлестіру қауіпсіздігін растауға тиіс;

9) Қашықтан қол жеткізу технологиясының көмегімен «Компанияның» ішкі желілерімен қосылатын дербес компьютерлерді қоса алғандағы, барлық хосттардың қазіргі заманғы вирусқа қарсы бағдарламаларды (осы бағдарламалар орналасатын жерге бірлескен сайт URL осында сыйғызыңыз) пайдалануы қажет. Үшінші тараппен жалғасу үшінші тарап белгілеген талаптарға сәйкес болуға тиіс;

10) «Компания» желілеріне қосу үшін пайдаланылатын жеке жабдық «Компанияға» тиесілі жабдықтарға қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс;

11) «Компания» желісіне қашықтан қол жеткізу бойынша қалыптан тыс шешімдерді іске асырғысы келетін ұйымдар немесе тұлғалар алдын ала қашықтан қол жеткізу қызметінің және ақпараттық қауіпсіздік қызметінің келісімін алулары керек.

А.4 Саясатты мәжбүрлеп жүргізу

Осы саясатты бұзатын кез келген тұлға жұмыстан босатылуды қоса алғанда, тәртіптік жазаларға тартылуы мүмкін.

А.5 Терминдер мен анықтамалар

Кабельдік модем: Кейбір кабельдік компаниялар телевизиялық кабель бойынша Интернетке қол жеткізуді ұсынады.

Телевизиялық коаксиальді кабель: Бұл кабельді модеммен қосылатын коаксиал кабель, оның бойымен Интернет деректері 1,5 Мб/с артық жылдамдықпен беріледі. Қазіргі уақытта кабель кей жағдайларда ғана қолданылады.

CHAP: Түпнұсқаландырудың «қосылу сұранымы» хаттамасы − біржақты хэштеу қызметін пайдаланатын түпнұсқаландыру тәсілі.

DLCI: Деректердің берілуі кезінде қосылатын сәйкестендіргіш. Frame Relay желісінің соңғы нүктесіне берілген, үздіксіз виртуал (VPC) желісіне арналған бірегей нөмір. DLCI Frame Relay желісіндегі қол жеткізудің пайдалану арнасы ішінде әдеттегі VPC соңғы нүктені сәйкестендіреді және тек осы арнаға арналған жергілікті мәні болады.

Телефон модемі: Деректерді телефон желілері арқылы беру үшін, компьютерлердің біреуін екіншісімен қосатын шалғайдағы құрылғы. Модем телефон желілері арқылы салып жіберу үшін, компьютерлердің цифрлық деректерін ұқсас белгілерге түрлендіреді (модульдеу) және қабылданатын ұқсас белгілерді модем атауы модульдеуші/модульсіздеуіш мағынасын білдіретіндей бейнеде, желінің бір ұшында компьютер оқитын цифрлыққа (модульсіздеу) түрлендіреді.

Екі жақты қосылу: Компьютердің біреуден артық желісіне немесе желілік құрылғысына қосылу мүмкіндігі. Мысалы, жергілікті Ethernet байланыс арқылы бірлескен желімен қосылу кезінде Интернет (ISP) провайдеріне қосылуды іске асыру. Немесе үйде отырып, қашықтан қол жеткізуді ұсынатын «Компания» желісінде болып, басқа желімен қосылады, мысалы жұбайының компания желісімен. Немесе «Компаниямен» және дестелерді тағайындауына байланысты ISP қосуға арналған ISDN маршруттауышын үйлестіру қажет.

DSL: Цифрлық абоненттік арна кабельді модемдермен бәсекелесетін Интернетке жоғары жылдамдықты қол жеткізу үлгісі болып табылады. DSL стандартты телефон желілері арқылы жұмыс істейді және 2 Мб/сек дейінгі кіретін деректер ағынының жылдамдығын әрі шығатын ағынға арналған аз жылдамдық шамаларын қолдайды.

Frame Relay: ISDN жылдамдығынан бастап T1 желісінің жылдамдығына дейін қосылу жылдамдығын қадаммен өзгертуге болатын байланысу тәсілі. Frame Relay жылдамдыққа байланысты, уақытша төлемді пайдаланудың орнына белгіленген тарифтік жалақыны пайдаланады. Frame Relay кезінде телефон компаниясының желісі арқылы қосылады.

ISDN: Интегралданған қызметпен бірге цифрлық желі қызметінің екі түрі болады немесе ISDN: BRI және PRI. BRI қашықтан қол жеткізудің/үйдегі кеңселері үшін пайдаланылады. BRI 64 килобиттан екі шапшаң арнасы (128 килобитпен бірге) және белгі беретін ақпаратты беруге арналған 1D арнасы болады.

Қашықтан Қол жеткізу: Желі арқылы «Компанияның» бірлескен желісіне, «Компания» бақыламайтын құрылғыға немесе ортаға кез келген қол жеткізу.

Бөлек туннелдеу: VPN-туннель арқылы «Компанияның» бірлескен желісіне қосылу кезінде, қашықтағы құрылғыдан (ДК, PDA, WAP телефон және т.с.с.) компанияға тиесілі емес желіге (Интернет немесе үйдегі желі) бір мезгілде тікелей қол жеткізу. Виртуал жабық желі (VPN) − Интернет арқылы туннельдеу әдісімен қашықтағы желіге қол жеткізу әдісі.

В қосымшасы
(анықтамалық)

RADIUS енгізу және орнату бойынша ұсынымдар

В.1 Жалпы ережелер

Бұл қосымшада Microsoft Windows 2000 ортасында және басқа операциялық жүйелерде RADIUS-ті пайдалану бойынша ұсынымдар беріледі.

RADIUS-пен қауіпсіз жұмыс жасау үшін, Сіздің мынадай нұсқауларды қолдануыңыз қажет.

В.2 Енгізу бойынша ұсынымдар

Сервер клиенттерін немесе RADIUS прокси-серверін пайдаланғаныңызда, мынадай ұсынымдарды қолданыңыз:

RADIUS деректерінің құпиялылығын қамтамасыз ету үшін, ESP және мысалы, 3DES сияқты шифрлау алгоритмін пайдаланып, Ipsec қолданыңыз.

Бұл [31] сипатталған. Ipsec көмегімен барлық RADIUS хабарламаларын шифрлағанда, RADIUS хабарламаларының қиын өрістері (мысалы, Қол жеткізу-Сұранымы хабарламасындағы түпнұсқаландырғыш сұранысы сияқтылар) мен анықтауыштар (мысалы, пайдаланушының құпия белгісі, туннель құпия белгісі және MPPE кілтін анықтауыштар сияқтылар) қараудан қорғалады. Шабуылдаушы алдымен RADIUS хабарламасының мазмұнын талдау мүмкін болғанға дейін, ESP қорғалған RADIUS хабарламасының шифрын ашып тануға тиіс. Шабуылдаушыға кедергі жасау үшін, RADIUS серверіне қарсы оған қосылған кезде шабуылдар ұйымдастырып, IPsec сертификатына негізделген түпнұсқаландыруды қолдау ұсынылады.

Баламалы түрде немесе Ipsec пайдаланумен бірге:

1) Ұзындығы 32 он алтыдан кем болмаймын рәмізден тұратын немесе 22 пернетақта рәмізінен кем болмайтын құпия кілттерді үйлестіріп пайдалануыңыз;

2) Қол жеткізу сұранысының барлық хабарламалары үшін хабарламаны түпнұсқаландыру анықтауышын пайдалануыңыз қажет;

RADIUS клиенті үшін қол жеткізу сұранысының барлық хабарламалары үшін хабарламаны түпнұсқаландыру анықтауышын пайдалану және оны пішім үйлесіміне қосу керек. RADIUS сервері немесе прокси-сервері үшін Қол жеткізу-Сұранымы түріндегі хабарламалар үшін хабарламаны түпнұсқаландыру анықтауышын пайдалану және оны пішім үйлесіміне қосу қажет болады.

3) Сұранысты түпнұсқаландыру үшін кездейсоқ сандардың криптографиялық берік өндіргішін пайдаланыңыз.

RADIUS енгізу кезінде клиентті түпнұсқаландыруға арналған қосымша қорғауды қамтамасыз ету үшін, мынадай ұсынымдарды пайдаланыңыз:

1) Түпнұсқаландырудың қатаң әдістерін пайдаланатын EAP және ұқсас EAP хаттамаларын пайдаланыңыз;

EAP қатаң әдісінің үлгісі қол жеткізу клиентінің сертификатын және RADIUS серверін өзгертуді қажет ететін EAP-TLS болып табылады. Барлық EAP хабарламалары IPsec қорғалмаған қол жеткізу сұранысының хабарламаларын қамтамасыз ететін, хабарламаны түпнұсқаландыру анықтауышын пайдалануды қажет етеді.

2) Өзара түпнұсқаландыруды пайдаланатын, түпнұсқаландыру әдістерін

пайдаланыңыз;

Өзара түпнұсқаландыру кезінде қосылудың екі тарабы да өз әріптесін түпнұсқаландырады. Егер түпнұсқаландырудың біреуі болмай қалса, қосылу әрекеті кейінге қалдырылады. Мысалы, 2-нұсқаның EAP-TLS және MS-CHAP өзара түпнұсқаландыру әдістері болып табылады. EAP-TLS пайдаланған кезде, RADIUS сервері қол жеткізу клиентін пайдаланушы сертификатының дұрыстығын растайды, ал қол жеткізу клиенті RADIUS серверінің компьютерлік сертификатының дұрыстығын растайды. 2-нұсқаның MS-CHAP пайдаланған кезде, қол жеткізу клиенті де, қол жеткізу сервері де пайдаланушының есептік жазбасының құпия белгісін білуін растайды.

3) Егер Сіз PAP түпнұсқаландыруын қолдансаңыз, оны пайдалануды үндемей қол жеткізілетіндей етіп жасаңыз;

Мысалы, OTP/токен-карта түпнұсқаландырылған ақпаратты жіберу үшін PAP пайдаланады. Егер Сізге PAP хаттамасын пайдалану қажет болса, оны пайдалануды үндемей қол жеткізілетіндей етіп жасаңыз және ұзын құпия кілттер мен сұраныстың криптографиялық сапалы түпнұсқаландырғыштарын қолданыңыз. IEEE 802.1X PAP-ты қолдамайтындығынан, бұл жағдай тек PAP қосылуларына ғана қолданылады.

4) Егер Сіз CHAP түпнұсқаландыруын қолдансаңыз, қатаң CHAP сұранысын пайдаланыңыз;

RADIUS сұранысының түпнұсқаландырғышына ұқсас CHAP сұранысы кездейсоқ және криптографиялық сапалы болуға тиіс.

5) Егер Сіз MS-CHAP түпнұсқаландыруын қолдансаңыз, MS-CHAP сұранысына арналған жауаптар үшін, шифрлаумен ЛВС қолдайтын менеджерлерін немесе құпия белгілер өзгерісін пайдаланбаңыз.

В.3 Орнату бойынша ұсынымдар

RADIUS орнатуда, RADIUS-пен қауіпсіз жұмыс істеу үшін, мынадай ұсынымдарды орындаңыз:

Деректер құпиялылығын қамтамасыз ету үшін, барлық RADIUS хабарламалары үшін өз клиенттеріңізді және RADIUS серверін IPsec ESP және мысалы, 3DES барлық RADIUS кестелері үшін бірге пайдаланатындай етіп үйлестіріңіз.

ESP және 3DES пайдалануға арналған IPsec пішім үйлесімі қолданылатын Ipsec байланысты. Мысалы, егер Windows 2000 қол жеткізу сервері ретінде қашықтан қол жеткізуді маршруттау және қызметі үшін және Windows 2000 IAS Active Directory™ айналасындағы RADIUS сервері ретінде пайдаланатын болсаңыз, Сіздің 1812 және 1813 UDP порттарының барлық кіріс және шығыс кестелеріне арналған 3DES шифрлауымен бірге ESP пайдаланылуы үшін, ережемен қоса, тиісті жүйе жүксауытына арналған активті IPsec саясатын үйлестіруге мүмкіндігіңіз болады. Көбірек ақпарат алу үшін Windows 2000 серверіндегі «Көмек» мәзірін қара .

Баламалы түрде немесе IPsec бірге пайдаланумен, Сізге:

1) Ұзындығы 32 он алтылық белгіден немесе жоғарғы және төменгі тіркеуіштер пернетақтасының рәміздерінің кездейсоқ бірізділігінен, тыныс белгілерінің ұзындығы 22 кем болмайтын сандары мен белгілерінен тұратын берік құпия кілттерді пайдалану қажет. Мүлтіксіз жағдайда, құпия кілттер компьютермен өндірілуге тиіс;

2) RADIUS клиент-серверінің әрбір жұбы үшін, бірлескен түрлі құпия кілттерді пайдаланыңыз;

3) Қол жеткізу сұранысының хабарламасы үшін, хабарлама түпнұсқаландырғышының анықтауышын пайдаланыңыз. Әрбір RADIUS клиенті үшін оның қол жеткізу сұранысының барлық хабарламаларымен бірге түпнұсқаландыру

анықтауышын салып жіберетіндей етіп үйлестіріңіз. Әрбір RADIUS серверін әрбір RADIUS клиентінен қол жеткізу сұранысының хабарламаларындағы хабарламаны түпнұсқаландыру анықтауышын қажет ететіндей етіп үйлестіріңіз.

4) Криптографиялық қатаң сұраныс түпнұсқаландырғышын пайдаланатын RADIUS серверінің клиенттері мен прокси-серверін пайдаланыңыз.

RADIUS орнату кезінде клиенттік қол жеткізуін түпнұсқаландыруға арналған қосымша қорғауды қамтамасыз ету үшін, мынадай ұсынымдарды пайдаланыңыз:

1) Егер PAP хаттамасы қажет болмаса, оның қол жеткізу сервері мен RADIUS серверінде пайдаланылуына тыйым салыңыз. Қауіпсіз қосылулар үшін PAP пайдаланудың жалғыз қолайлы нұсқасы құпия белгінің жоғары энтропиясы болғанда және әр пайдаланғанда өзгерген кезде, бір реттік құпия белгімен және токен-картамен түпнұсқаландыруды пайдалану болып табылады. Алайда, PAP қол жеткізуі тіркелмеген клиенттерге PAP олардың қол жеткізу серверлерінен пайдалануға және пайдаланушының есептік жазбаларының қорғалмаған құпия белгілерін жіберуге мүмкіндік береді. Бір мәрте құпия белгімен және токен-картамен түпнұсқаландыру үшін, EAP немесе EAP ұқсас хаттаманы пайдалану барынша дұрыс шешім болып табылады.

2) Егер MS-CHAP пайдалану қажет болса, ЛВС менеджерінің шифрлауын пайдалануға тыйым салыңыз;

Егер Сіз Windows 2000 IAS пайдалансаңыз, HKEY_LOCAL_MACHINE\System\CurrentControlSet\Services\RemoteAccess\Policy\Allow LM Authentication IAS серверіндегі 0 тіркеуішінің кілтінің мәнін белгілеңіз.

3) EAP немесе EAP ұқсас хаттаманы қатаң түпнұсқаландыру әдісімен бірге пайдаланыңыз;

Сымсыз қол жеткізуге арналған IEEE 802.1x хаттамасын түпнұсқаландыру EAP пайдалануды қажет етеді, сондай-ақ қол жеткізудің әрбір хабарламасын қорғау үшін, хабарламаны түпнұсқаландыру анықтауышын пайдаланыңыз және PAP түпнұсқаландыруын пайдаланбаңыз.

4) EAP- TLS немесе 2-нұсқаның MS-CHAP сияқты өзара түпнұсқаландыру әдісін пайдаланыңыз.

С қосымшасы
(анықтамалық)

FTP екі режімі

FTP екі режімі болады:
- FTP PORT режімі;
- FTP PASV режімі.

С.1 FTP PORT режімі

FTP PORT режімі FTP дәстүрлі режімі болып табылады. FTP PORT қосылуды орнатқанда, іс-әрекеттер бірізділігі мынадай болуға тиіс:

1) **FTP клиенті:** Көп нөмірлер өрісіндегі дыбыс берген портты кездейсоқ ашады. (Мысал үшін, біз оларды 6000 және 6001 TCP порттары деп санаймыз);

2) **FTP клиенті:** 6000 TCP портынан FTP TCP серверінің 21 портының арнасын ашу үшін, сұраныс жібереді;

3) **FTP сервері:** 21 TCP портынан FTP клиентінің 6000 TCP портына «ОК»-ді жібереді (пәрменділік арнасы ұйымдастырылады). Осы кезде пәрменділік арнасы орнатылады;

4) **FTP клиенті**: FTP серверіне деректер сұранысын жібереді (PORT пәрмені). FTP клиенті PORT пәрменіне ол деректерді алу үшін ашқан деректер портының нөмірін қосады. Осы үлгіде FTP клиенті деректерді алу үшін, 6001 TCP портын ашты;

5) **FTP сервері:** FTP сервері PORT пәрменінде FTP клиенті көрсеткен порт арқылы FTP клиентіне кіретін *жаңа* қосылуды ашады. FTP серверінің шығыс порты 20 TCP порты болып табылады. Осы үлгіде FTP сервері өзінің меншікті 20 TCP портынан FTP клиентінің 6001 TCP портына деректер жібереді.

Осы үлгіде екі қосылу белгіленген болды: FTP клиентін инициирлаудан шығатын қосылу және FTP сервері орнатқан кіретін қосылу. PORT пәрменінде болатын ақпараттың (пәрменділік арнасы арқылы жіберілген) деректер дестесінің ішінде сақталатындығын ескеріңіз.

С.2 FTP PASV режімі

FTP жалпыға түсінікті жүзеге асыру PASV режімі немесе пассивті режім болып табылады. FTP қосылуының PASV режімі браузерлердің көпшілігінде танымал болып табылады. PASV режімінің негізгі артықшылықтарының бірі FTP клиентіне сервердің жаңадан кіретін қосылуды жасау керек еместігі болып табылады. Біз бұдан әрі көріп отырғанымыздай, бұны FTP PASV режімі барынша жақын желіаралық қалқаларға жасайды.

FTP қосылуының PASV режіміне арналған әрекеттер бірізділігі мынадай болуға тиіс:

1) **FTP клиенті:** Көп нөмірлер өрісіндегі дыбыс берген портты кездейсоқ ашады. (Мысал үшін, біз оларды 6000 және 6001 TCP порттары деп санаймыз);

2) **FTP клиенті**: 6000 TCP портынан FTP TCP серверінің 21 портының арнасын ашу үшін, сұраныс жібереді;

3) **FTP сервері**: 21 TCP портынан FTP клиентінің TCP 6000 портына «ОК»-ді жібереді (пәрменділік арнасы ұйымдастырылады). Осы кезде пәрменділік арнасы орнатылады;

4) **FTP клиенті**: FTP клиенті деректер арнасын ұйымдастыруы үшін, қосыла алатын порт нөмірін FTP сервері ашуы н сұрайтын PASV пәрменін жібереді;

5) **FTP сервері**: TCP портының нөмірін FTP клиенті деректер арнасын орнатуы үшін қосылуды инициирлай алатын пәрменділік арнасы арқылы жібереді. Осы үлгіде FTP сервері 7000 портты ашады;

6) **FTP клиенті:** FTP серверінің 7000 деректер арнасының TCP 6001 портына жауап беретін өзінің меншікті *жаңа* қосылуын ашады. Деректердің берілуі осы арна арқылы жүреді.

PASV режіміндегі барлық қосылуларды FTP клиентінің инициирлайтынын ескеріңіз. FTP серверіне FTP клиентімен жаңадан кері қосылуды жасап қажеті жоқ.

D қосымшасы
(анықтамалық)

Поштаның қауіпсіз жұмысын тексерулер тізбесі

Келесі тізбелер пошталық сервердің жұмысын үйлестіруге, жоспарлауға және қолдауға көмектеседі. Тексерулер операциялық жүйелер, пошталық бағдарламалар, сүзгілер және т.с.с. үшін берілген [6].

D.1 Пошталық сервердің операциялық жүйелерін тексерулер тізбесі

Орындау	Іс-әрекет
	Пошталық серверді үйлестіру және өрбіту
○	Пошталық сервер функцияларын анықтау
○	Сақталатын, өңделетін және пошталық сервер арқылы берілетін ақпараттар санаттарын анықтау
○	Ақпарат қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды анықтау
○	Осы сервер үшін бөлінген хостаны анықтау
○	Осы сервер ұсынатын немесе қолдайтын желілік қызметтерді анықтау
○	Пайдаланушылар мен пайдаланушылар санаттарын анықтау және әрбір пайдаланушы санатының құқықтарын анықтау
○	Пошталық серверге арналған түпнұсқаландыру әдістерін анықтау
	Пошталық серверге арналған операциялық жүйені таңдау
○	Осалдықтың ең төменгі ұшырағыштығы
○	Авторластырудан өтіп тағайындалған пайдаланушылар үшін тек әкімгерлер құқығымен қызметін әкімшілік шектеу қабілеті
○	Авторластырылмаған тұлғаларға арналған серверде ақпаратқа қол жеткізуді ауытқыту қабілеті
○	Операциялық жүйелердің ішіне салынған сервердің қол жеткізілмейтін қызметтері мен қажет болмайтын бағдарламалық қамтуды жасау қабілеттілігі
○	Кепілдік пен сенімділіктің қолданылатын құны (кейбір сенімділік анықталған операциялық жүйелер пайдаланылып қамтамасыз етіледі)
○	Орнату, үйлестіру, техникалық қызмет көрсету үшін тәжірибелі қызметкерлер құрамының болуы және қауіпсіздік жүйесі талаптарын сақтау
	Пак-қызметтер орнату (түзету) және операциялық жүйелерді жаңарту
○	Барлық қажетті пак-қызметтерді анықтау және орнату және операциялық жүйені жаңарту
○	Барлық қажетті пак-қызметтерді анықтау және орнату және операциялық жүйелер ішіндегілерді қоса алғанда, барлық қосымшалар мен қызметтер үшін жаңарту
	Қажет емес қызметтер мен қосымшаларды жою немесе тыйым салу
○	Қажет емес қызметтер мен қосымшаларды жою немесе тыйым салу

Орындау	Іс-әрекет
	Пайдаланушыны операциялық жүйеде түпнұсқаландыруды үйлестіру
○	Пайдаланылмаған барлық есептік жазбалар мен топтарды жою немесе қол жеткізілмейтін ету
○	Активсіз есептік жазбаларды бұғаттау
○	Нақты компьютерге арналған пайдаланушылар тобын жасау
○	Нақты компьютер үшін пайдаланушылардың есептік жазбасын жасау
○	Ұйымның құпия белгілерінің саясатын тексеру (яғни, ұзындығы, күрделілігі) және тиісті құпия белгілерді орнату
○	Сәтсіз әрекеттердің шектелген санынан кейін пайдаланушыны тіркеуді кейінге қалдыру үшін компьютерді үйлестіру
○	Түпнұсқаландыруды күшейту үшін, басқа механизмдерді орнату және үйлестіру
	Операциялық жүйе қауіпсіздігін тексеру
○	Операциялық жүйені орнатқаннан кейін, оның осалдықтарын анықтау үшін тестілеу жүргізу.
○	Анықталған жаңа осалдықтар үшін операциялық жүйенің мерзімдік тексерісін (мысалы, тоқсан сайын) жүзеге асыру.

D.2 Пошталық серверді және ішіндегісінің қауіпсіздігін тексерулер тізбесі

Орындау	Іс-әрекет
	Пошталық серверді инсталляциялау
○	Бөлінген хостыны бағдарламалық қамтуды орнату
○	Ең аз талап етілетін Интернет қызметтерін орнату
○	Пак-қызметтерді және ендігі белгілі осалдықтар түзетуге арналған жаңартуларды орнату
○	Орнатылған, бірақ пошталық серверде пайдаланылмаған барлық қызметтерді жою немесе бұғаттау, (мысалы, пошта Web-ін, қашықтан басқару FTP пайдаланушы)
○	Сервердегі жабдықтаушылардан түскен барлық құжаттаманы жою.
○	Серверге тиісті қауіпсіздік үлгісін қолдану немесе сервердегі скриптты инсталдау
○	SMPT, POP және IMAP қызметтерінің дыбыс беруін бұның пошталық сервер, операциялық жүйе түрі және нұсқасы екені көрінбеуі үшін қайта үйлестіру (қажет болғанда басқаларын да)
○	Қауіпті немесе қажет емес пошталық пәрмендерді бұғаттау (мысалы, VRFY EXPN)
	Операциялық жүйені үйлестіру және пошталық серверге қол жеткізуді басқару
○	Сервер қосымшаларының есептеу ресурстарына қол жеткізуін шектеу
○	Пайдаланушылардың пошталық сервермен орындалатын қол жеткізуді басқарудың қосымша құралдары арқылы қол жеткізуін, егер қажет болса, қол жеткізуді бақылаудың барынша дәл деңгейлерін шектеу
○	Іс-әрекеттер қол жеткізуді шектеуді бақылаумен қатар, тек топтарды бірегейлендіргенде, пайдаланушыны сәйкестендіргенде ғана орындалуы үшін, пошталық сервер қосымшаларын үйлестіру

Орындау	Іс-әрекет
○	Пошталық серверді root құқығымен немесе жүйелік әкімгердің іске қоспағанына көз жеткізу
○	Хосттың операциялық жүйесін осы пошталық сервердің тіркеу файлдарын жаза алатындай, бірақ оларды оқи алмайтындай етіп үйлестіру
○	Хосттың операциялық жүйесін пошталық сервер қосымшалары жасаған уақытша файлдар қол жеткізу үшін шектеліп, қорғалған бағыныңқы директорияның тиісті үлгісінде болатындай етіп үйлестіру
○	Хосттың операциялық жүйесін пошталық сервер қосымшалары жасаған кез келген уақытша файлдарға қол жеткізу, осы файлдар жасайтын пошталық сервер процестерімен шектелетіндей етіп үйлестіру
○	Пошталық сервердің осы серверге бөлінген файлдық құрылымнан тыс файлдарды сақтай алмайтындығына көз жеткізу
○	Пошталық серверді Linux немесе Unix операциялық жүйелерін пайдаланғанда, chroot пәрменіне тыйым сала алатындай етіп үйлестіру
○	Пайдаланушылардың пошта жәшіктерін басқа қатты дискілерге немесе операциялық жүйе мен пошталық сервер қосымшасынан гөрі, қисынды бөлімдерге орнату
○	Тіркеу файлдарының жеткілікті өлшемге ие болатын жерде сақталатындығын анықтаңыз
	Зиян келтіретін салымдармен және ішіндегілерімен күрес
○	Вирустардың орталықтандырылған сканерін орнату (электронды пошта қондырғысында, желіаралық қалқада және (немесе) пошталық серверде)
○	Барлық клиенттік хосттарда вирустар сканерін орнату
○	Барлық сканерлердегі деректердің вирустық базаларын не күн сайын, не вирус жұқтыру байқалғанда жаңарту
○	Пайдаланушыларға вируспен залалданғанда туындайтын қауіптіліктерді және осы қауіптілікті азайту тәсілдерін үйрету
○	Пайдаланушыларды залалдану оқиғасы туралы құлақтандыру
○	Күмәнді хабарламаларды бұғаттау үшін, ішіндегісін сүзуді үйлестіру
○	UCE (Unsolicited Commercial E-mail), яғни спам хабарламаларын бұғаттау үшін, ішіндегісін сүзуді үйлестіру.
○	Егер қажет болса, лексикалық талдауды үйлестіру
○	Сүзудің қосымша саясатын жасау
○	Егер қажет болса, электронды поштаға арналған заңды хабарландыруды қосу
○	Пошталық серверді поштаны ашық көздерден алынған қара тізімдегі мекенжайлардан бұғаттау үшін үйлестіру
○	Егер қажет болса, пошталық серверді поштаны нақты домендерден бұғаттау үшін үйлестіру
○	Толассыз хабар таратуға арналған сервер арқылы поштаны түпнұсқаландыруды үйлестіру
○	Шифрланған түпнұсқаландыруды пайдалану үшін, пошталық серверді үйлестіру
○	Web-ке қол жеткізуді тек SSL/TLS арқылы және егер осындай қол жеткізу қажет болса ғана қолдау үшін, пошталық серверді үйлестіру

D.3 Желі инфрақұрылымын тексеру тізбесі

Орындау	Іс-әрекет
	Желілердің орналасуы
○	Пошталық сервер ішкі желіде орналасуға және пошталық қондырғымен және (немесе) желіаралық қалқамен қорғалуға тиіс немесе пошталық сервер тыйым салынған аймақта орналастырылуға тиіс
	Желіаралық қалқаның пішін үйлесімі
○	Пошталық сервер желіаралық қалқамен қорғалуға тиіс
○	Пошталық серверді, егер оған қауіп төнсе немесе ол барынша осал болса, қосымша деңгейіндегі желіаралық қалқамен қорғау қажет
○	Желіаралық қалқа Интернет пен пошталық сервер арасындағы барлық кестені бақылауға тиіс
○	Желіаралық қалқа, егер қажет болса, 25 TCP (SMPT) портын, 110 TCP (POP3) портын, 143 TCP (MAP) портын, TCP 398 (LDAP) порты мен 636 TCP (қауіпсіз LDAP) портын есептемегенде, пошталық серверге кіретін барлық кестені бұғаттауға тиіс
○	Желіаралық қалқа ((Intrusion-Detection System, IDS)күшпен кіруін байқау жүйесімен бірге) IP мекенжайларды немесе күшпен кірулерді байқау жүйелерінің хабарламасы бойынша бақыланатын желі шабуылға ұшырайтын бағыныңқы жүйелерді бұғаттауға тиіс
○	Желіаралық қалқа желі әкімгерін немесе пошталық сервер әкімгерін күдікті белсенділіктер туралы тиісті құралдар арқылы хабарландыруға тиіс
○	Желіаралық қалқа ішіндегісін (қосымшалар деңгейіндегі желіаралық қалқа) сүзуді қамтамасыз етуі керек
○	Желіаралық қалқаны қызмет көрсетуде істен шығу түріндегі шабуылдарға қарсы қорғалатындай етіп үйлестіру (Denial of Service, DoS)
○	Желіаралық қалқа өте қиын оқиғаларды тіркеуге тиіс
○	Желіаралық қалқа мен операциялық жүйеге пак-қызметтерді орнату және соңғы әрі барынша қауіпсіз деңгейдегі жаңартулар жүргізілуі қажет.
	Күшпен кіруді байқау жүйелері
○	Желілік кестені кез келген желіаралық қалқа немесе маршруттауыш (негізгі желінің) алдында бақылау үшін, IDS үйлестіру
○	Желіаралық қалқадан кейін пошталық серверге кіретін және шығатын желілік кестені бақылау үшін, IDS үйлестіру.
○	Пошталық сервердегі өте қиын файлдардың өзгеруін бақылау үшін, IDS үйлестіру (ішіне салынған құралдармен немесе файлдар бүтіндігін тексеру бағдарламасымен)
○	IDS IP мекенжайларды немесе ұйым желісін шабуылдайтын бағыныңқы жүйелерді бұғаттауға тиіс (желіаралық қалқамен бірге)
○	IDS желілік немесе пошталық әкімгерді тиісті құралдар арқылы шабуылдау арқылы құлақтандыруға тиіс
○	Көшірмеленетін портты анықтау үшін IDS үйлестіру
○	DoS-шабуылдарды байқау үшін IDS үйлестіру
○	Оқиғаларды тіркеу үшін, IDS үйлестіру
○	Мүмкіндігінше, IDS шабуылдардың жаңа сигнатураларымен жиі жаңарту қажет (негізінде апта сайын)

Орындау	Іс-әрекет
○	Пошталық серверге (орналастырылған хостта) қол жеткізетін жүйелік ресурстарды бақылау үшін, IDS үйлестіру
	Желілік жалғауыштар
○	Желілік жалғауыштарды желілік тың тыңдаудан қорғау үшін, пошталық сервер буынтықтарында пайдалану қажет
○	Желілік жалғауыштар ARP хаттамасының ұқсастыруымен және ARP сұранысының нәтижесін ауыстырумен бірге шабуылдардан қорғау үшін, жоғары қорғау режімінде үйлестірілуге тиіс
○	Желілік жалғауыштар IDS хостысы арқылы желі буынтықтарының (базалық желінің) барлық кестесін бағыттау үшін үйлестірілуі керек

D.4 Пошталық клиенттің қауіпсіздігін тексерулер тізбесі

Орындау	Іс-әрекет
	Пак-қызметтерді және пошталық клиенттерге арналған жаңартуларды орнату
○	Пошталық клиентті барынша қауіпсіз нұсқаға дейін жаңартыңыз
○	Пошталық клиентке арналған барлық қажетті пак-қызметтерді қолданыңыз
○	Браузерге арналған барлық қажетті пак-қызметтерді қолданыңыз (браузермен интегралданған пошталық клиенттер үшін (мысалы, Outlook және Netscape)
	Пошталық клиент қауіпсіздігі
○	Операциялық жүйеде пак-қызметтердің орнатылғандығына және барынша қауіпсіз деңгейге дейін жаңартылғандығына көз жеткізіңіз
○	Операциялық жүйені пошталық клиенттің жергілікті сақталған хабарламалары мен пішін үйлесімдері файлдарына тек қана тиісті пайдаланушылардың ғана қол жеткізуіне рұқсат ететіндей етіп үйлестіріңіз
○	Windows скриптарын қауіпсіздендіріңіз немесе жойып жіберіңіз (Windows хосттары үшін)
○	Орындаудан саралауға дейінгі Windows скриптарымен байланысты файлдардың үндемеуі бойынша іс-әрекетті өзгертіңіз (Windows бірге хосттар үшін ғана)
○	Операциялық жүйелердің файлдардың аттарын толық кеңейтіп көрсететіндей етіп үйлестірілгендігіне көз жеткізіңіз (Windows-пен бірге хосттар ғана)
○	Операциялық жүйенің өте қиын құрауыштарының арам ниетті кодтан қорғалғандығына көз жеткізіңіз
○	Пайдаланушының қатты дискісінде жергілікті сақталатын поштаны қорғау үшін файлдарды шифрлау жүйесін пайдаланыңыз (бұл әсіресе, тасымалданатын компьютерлер үшін маңызды)
○	Клиенттік операциялық жүйені автоматтыққа арналып белгіленген кезеңнен кейін, оны бұғаттайтындай етіп үйлестіріңіз

D.5 Пошталық серверді қауіпсіз басқаруды тексерулер тізбесі

Орындау	Іс-әрекет
	Тіркеу
○	IP стегін орнату қателерін тіркеңіз
○	Аттары мен мекенжайларын рұқсат ету проблемаларын тіркеңіз (мысалы, DNS, NIS,WINS)
○	Пошталық серверді үйлестіру қателерін тіркеңіз (мысалы, DNS сәйкес келмеуінен, жергілікті пішін үйлесімі қатесінен, деректер базасында жасырын аттардың болмауынан)
○	Файлдар мен каталогтарға қауіпсіз емес рәміздік және аппараттық байланыстардың қол жеткізуіне рұқсат ететін қолданылмайтын өзгертулерді тіркеңіз
○	Ескірген деректер базасынан жасырын аттардың пайдаланылуын тіркеңіз
○	Жүйелік ресурстар кемшіліктерін тіркеңіз (мысалы, дискілік кеңістік, жады, CPU)
○	Жасырын аттардың деректер базасын қайта құруды тіркеңіз
○	Жүйедегі тіркеулерді тіркеңіз (табысты ма, жоқ па)
○	Қауіпсіздік проблемаларын тіркеңіз (мысалы, спам)
○	Байланыс кемулерін тіркеңіз (желілік проблемалар)
○	Қателер хаттамасын тіркеңіз
○	Байланыс үзілістерін тіркеңіз
○	Байланыстың істен шығуларын тіркеңіз
○	VRFY және EXPN пәрмендерінің пайдаланылуын тіркеңіз
○	Жіберушілердің атын тіркеңіз
○	Жіберу пішіндерін тіркеңіз
○	Файлдар жүктемелерін тіркеңіз
○	Қисынсыз мекенжайларды тіркеңіз
○	Хабарламалар санағын тіркеңіз
○	Қателер туралы хабарламалар жасауды тіркеңіз
○	Сәтсіз жеткізулерді тіркеңіз (ұзақ мерзімді қателер)
○	Кейінге қалдырылған хабарламаларды тіркеңіз (қысқа мерзімді қателер)
○	Хаттамаларды бөлек (syslog) хостта тіркеуді сақтаңыз
○	Хаттамалар тіркеуін ұйымдастырушылық талаптарға сәйкес тіркеуді мұрағаттаңыз
○	Тіркеу файлдарын күнделікті талдаңыз
○	Тіркеу файлдарын апта сайын талдаңыз (барынша ұзақ мерзімді беталыстарды анықтау үшін)
○	Тіркеу файлдарын автоматтандырылған талдауға арналған аспаптар жиынтығын пайдаланыңыз
	Пошталық серверді резервтік көшірмелеу
○	Пошталық серверді резервтік көшірмелеу саясатын әзірлеңіз
○	Пошталық серверді, негізінен апта ағымында күнделікті, инкрементальды резервтік көшірмелеуді іске асырыңыз
○	Пошталық серверді бір ай ішінде апта сайын толық көшірмелеуді негізінен іске асырыңыз

Орындау	Іс-әрекет
○	Резервтік көшірмелерді мерзімінде мұрағаттаңыз
	Беделіне дақ түсіруден кейін қалпына келтіру
○	Ұйымның қауіпсіздік саясатына сәйкес жасаңыз (бұл осы ұсынымдар алдында барынша басымырақ болуға тиіс)
○	Беделіне дақ түсірілген жүйені жүйеден ажыратып, қосымша дәлелдемелерді жинау үшін, шабуыл іздерін сақтау бойынша шаралар қолданыңыз
○	Басқа жүйелердің тойтарысқа ұшырағанын белгілеу үшін, «ұқсас» хосттар туралы мәліметті зерделеңіз
○	Фирма басшылығымен, заңгерлермен және құқық қорғау органдарымен кеңесіңіз (егер сотқа жатады деп ұйғарылса, дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз)
○	Күшпен кіруді талдаңыз
○	Жүйені қалпына келтіріңіз
○	Жүйені желіге қайтадан қосыңыз
○	Жүйенің қауіпсіздігіне көз жеткізу үшін тестілеңіз
○	Шабуылдаушының тағы да жүйеге немесе желіге қол жеткізуді алуға ұмтылу белгілерін анықтау үшін, жүйе және желі мониторингін өткізіңіз
○	Өткен оқиғалар бойынша құжаттарды зерделеңіз

Е қосымшасы
(анықтамалық)

Web-қызметтерді тексерулер тізбесі

Келесі тексерулер тізбесі Web-серверді жоспарлау, инсталляциялау және қауіпсіз пайдалану үшін арналған [5].

Е.1 Web-сервердің операциялық жүйелерін тексерулер тізбесі

Орындау	Іс-әрекет
	Web-сервердің пішін үйлесімін жоспарлау және өрбіту
○	Web-сервер функцияларын анықтаңыз
○	Web-сервер арқылы жүктелетін, өңделетін және берілетін ақпараттар санаттарын анықтаңыз
○	Ақпарат қауіпсіздігі бойынша талаптарды анықтаңыз
○	Web-серверде ақпараттарды жариялау әдісін анықтаңыз
○	Web-серверді инсталляциялау үшін бөлінген хостты анықтаңыз
○	Web-сервер қарастыратын немесе қолдайтын желілік қызметтерді анықтаңыз
○	Web-серверді пайдаланушылар санаттарын анықтаңыз және пайда-ланушылардың әрбір санатына арналған артықшылықтарды анықтаңыз
○	Web-сервердегі пайдаланушыны түпнұсқаландыру әдістерін анықтаңыз
	Web-серверге арналған операциялық жүйелерді таңдау белгілері
○	Осал жерлерді ашудың ең аз уақыты
○	Әкімшілік немесе түпкілікті деңгейде қызметті тек өкілетті пайдаланушының шектеу қабілеті
○	Сервердегі ақпаратқа қол жеткізуге, оның тағайындалғандардан басқалардың барлығына тыйым салу қабілеті
○	Операциялық жүйенің ішіне немесе сервердің бағдарламалық қамтуына салынуы мүмкін, міндетті емес желілік қызметтерді бұғаттау қабілеті
○	Сақтандырудың қолайлы шығындары мен жауапкершіліктері (кейбір операциялық жүйелер үшін сақтандыру шығындарын көбейту қажет)
○	Операциялық жүйені орнататын, үйлестіретін, қауіпсіздендіретін және тіркеп жіберетін тәжірибелі қызметкерлер құрамының болуы.
	Операциялық жүйеге арналған патчалар мен жаңартуларды орнату
○	Операциялық жүйеге арналған барлық қажетті патчалар мен жаңартуларды анықтаңыз және орнатыңыз
○	Операциялық жүйеге қосылған қосымшалар мен қызметтер үшін қажетті барлық патчалар мен жаңартуларды анықтап орнатыңыз
○	Міндетті емес қызмет көрсетулер мен қосымшаларды жойыңыз немесе бұғаттаңыз
○	Операциялық жүйе пайдаланушысын түпнұсқаландыруды үйлестіріңіз
○	Қажет емес есептік жазбалар мен үндемеу бойынша меңгерілген топтарды жойыңыз немесе бұғаттаңыз
○	Белсенді емес есептік жазбаларды бұғаттаңыз
○	Нақты компьютер үшін пайдаланушылар тобын құрыңыз
○	Нақты компьютер үшін пайдаланушылардың есептік жазбаларын жасаңыз

Орындау	Іс-әрекет
○	Құпия белгілерді ұйымдастыру саясатын тексеріңіз (мысалы: ұзындығы, күрделілігі) және тиісті құпия белгілерді орнатыңыз
○	Компьютерге сәтсіз әрекеттердің шектеулі санынан кейін тыйым салу үшін үйлестіру
